# Сыр бойы

13 ақпан бейсенбі

2014 жыл №22 (18716)

Қызылорда облыстық газеті

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.syrboyi.kz


# БАҒАНЫҢ ЖАСАНДЫ ТҮРДЕ КӨТЕРІЛУІНЕ ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

**Елбасының Премьер-министр Серік Ахметовпен және Ұлттық Банк төрағасы Қайрат Келімбетовпен кездесуі**



– Қазақстан валютасын девальвациялау туралы шешім қарапайым азаматтарға жағымсыз әсерін тигізбеуге тиіс. Енді бағаның жасанды түрде көтерілмеуін қадағалап, валюта айырбастау пункттеріндегі алыпсатарлықтың жолын кесу ерекше маңызды. Барлық деңгейдегі әкімдер осыны бақылап, ал тиісті мемлекеттік органдар ұдайы мониторинг жүргізуге және қалыптасқан экономикалық жағдайда алыпсатарлықпен айналысқандарға қатысты лицензиясынан айыруға дейінгі ең қатаң шараларды қабылдауға тиіс. Қазіргі уақытта ұлттық валюта бағамының шегі белгіленген деңгейде болып, экономикамыздың игілігіне қызмет етуі үшін барлық қажетті шараларды қабылдаған жөн, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Ұлттық Банк төрағасы алты ай бойы әлемдік экономика ахуалына және теңгенің өзге елдердің валюталарына қатынасын талдау жөнінде жұмыс жүргізілгенін атап өтті.

– 2009 жылы ақпанда қол жеткізілген әлеуетіміздің арқасында экономикамыздың бәсекеге қабілеттілігі артты. Біз жақсы нәтижелерге жеттік, бірақ 2012 - 2013 жылдары әлеуетіміз біртіндеп азайды, өйткені өзге дамушы елдердің валюталары Америка долларына қатынасы жөнінен әлсіреді. Бүгінде көптеген инвесторлар дамушы нарықтардан кетіп жатыр. Шетелдік капитал дамыған нарықтарға ауысуда. Біз Түркия, Бразилия, Ресей елдеріндегі ахуалдың үлкен өзгеріске түскенін көріп отырмыз. Жалпы, бұл – биылғы үрдіс. Сонымен қатар Ресей рубліне қатысты да айқын емес тұстар бар. Орталық банк рубльдің еркін қозғалысын білдіретін инфляциялық шектеуге көшкенін жариялағандықтан, біз ресейлік валютаның бағамы бір долларға шаққанда 35 рубльге жеткенін көріп отырмыз. Бұл тұстағы жағдай әлі де толық айқын емес, – деді Қ.Келімбетов.

Сондай-ақ, Ұлттық Банк төрағасы төлем балансындағы өзгерістерді атап көрсетті. 2013 жылы ағымдағы есеп-шот сальдосы оң деңгейде болғанымен, ол алдыңғы жылмен салыстырғанда төрт есеге төмендеген.

– Бізде импорт экспорттан жылдам өсуде. Импорттың мұндай тез өсу қарқынын болдырмау үшін, бір долларға шаққанда 145-155 көлемінде болған теңгенің бұрынғы шегі өзін-өзі сарқығандықтан, біздің тарапымыздан валюта бағамына түзетулер енгізілді. Бүгінде біз бағамның 20%-ға өзгеруі және долларға шаққандағы теңгенің көрсеткіші 3 теңге төңірегіндегі ауытқумен 185 болуына қол жеткізу – таяу орта-мерзімді перспективада Қазақстан экономикасына қажетті, теңбе-тең және бәсекеге қабілетті валюта бағамы деп санаймыз. Сондықтан Ұлттық Банк басқармасы тиісті шешім қабылдады, біз оны дер кезінде жасалды деп есептейміз. Бұрынғы бағамды ұстап тұру үшін біз маусым-тамызда ұлттық резервтен – 2,7 млрд. доллар, ал қаңтарда 2,2 млрд. доллар саттық. Мұндай бағытта жағдайдың бақылаудан шығып кетуі мүмкін еді. Қазіргі уақытта бағамның өзгеруіне қатысты түрліше баға берілуде. Көпшілігі бағам 20%-ға өзгерді, демек барлық тауардың бағасы да екі-үш есе өсуі тиіс деп ойлайды. Сол себепті кеше Үкіметпен және облыстар әкімдерімен бірлескен отырыс өткіздік, онда біздің алдымызға ең басты міндет – инфляция деңгейін 6-8% шегінде қамтамасыз ету талабы қойылды. Бұл орындалатын міндет деп ойлаймын. Мысалы, 2009 жылы инфляция деңгейі 6-7%-дан асқан жоқ. Бұл үшін бізде оны ұстап тұрудың барлық амалы бар, – деді Ұлттық Банк төрағасы.

Премьер-министр Серік Ахметов Үкімет пен сарапшылық қауымдастықтың 2014 жылы Қазақстанда ғана емес, Ресей, Қытай және өзге де дамушы мемлекеттердің экономикалық ахуалында бірқатар айқын емес тұстар болғанын сезінетінін атап өтті.

– Қазір әлемдік экономикада қалыптасқан ахуалды ескере отырып, Ұлттық Банк жүргізген девальвация қажетті шара болды деп есептейміз. Бұл еліміздің экономикасының макроэкономикалық көрсеткіштерін кейбір бағыттар бойынша жақсартуға мүмкіндік береді. Сөз жоқ, экономика өсімі биыл да жалғасады. Инфляция жоспарланған шекте болып, ортамерзімді кезеңде 6-8 пайызды құрайды. Бұл үшжылдық бюджетте де солай көрсетілген, – деді С. Ахметов.

Премьер-министр сауда нүктелерін тауарлық өнімдермен үздіксіз қамтамасыз ету, айырбас пункттері, жанар-жағармай құю стансалары және базарлармен қоса барлық бағыттар бойынша күнделікті мониторинг жүргізу мәселелері жөнінде үлкен кеңес өткізілгенін хабарлады. Оған қоса тұрақтандыру қорларын тиімді пайдалану ұсынылды.

Үкімет басшысы бүгінде мұнай өнімдерінің әлеуметтік маңызды түрлері – АИ-92, АИ-80 бензині мен дизель отыны бағасын 30-45 күн бойы көтермей сатуға қажетті жанар-жағармай елдің қоймаларында жеткілікті екенін де айтты. Соған байланысты С.Ахметов аталған жанар-жағармай түрлерінің бағасын көтеруге еш себеп жоқ деген пікірін білдірді.

С.Ахметов тұрғындардың айрықша мұқтаж санаттарын «әлеуметтік нанмен» қамтамасыз етуге қажетті барлық ресурстар бар екенін айтты.

– Әлеуметтік маңызы бар тауарлардың 35 түріне қатысты келесі аптада шешім қабылданып, баға мәнінің минималдық шегі белгіленеді. Қазір түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жергілікті жерлерде әкімдер осы саладағы тұрақтылықты қамтамасыз етеді, – деді Премьер-министр.

Соңында Мемлекет басшысы алаңдауға негіз жоқ екенін қазақстандықтарға түсіндіру қажеттігін айтты.

– Бұл – әрқайсысында 10-40 мың адам жұмыс істейтін біздің кәсіпорындардың экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған таза қаржылық шара. Экономикамыз қосымша табыс көреді, бұл оның әрі қарайғы өсіміне жалпы оң әсерін тигізеді. Бұл шешім осы мақсатпен қабылданды. Сондықтан, ешқандай дүрлігуге жол бермей, алыпсатарлықтың алдын дер кезінде кесу керек, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

# ҚР ҰЛТТЫҚ БАНКТІҢ БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі» туралы ҚР Заңына сәйкес Ұлттық Банктің мақсаты – Қазақстан Республикасындағы баға тұрақтылығын қамтамасыз ету.**

Соңғы жылдары айырбас бағамының ел экономикасы үшін маңыздылығын ескере отырып, Ұлттық Банк 1 АҚШ долларын 150-155 теңге аралығында ұстады. Өз кезегінде бұл экономикалық және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Өткен жылы елімізде Жалпы ішкі өнімнің көлемі 6 пайызға артып, инфляция 4,8 пайызға кеміді. Бұл ретте Қазақстан экономикасының ғаламдық экономикамен тығыз байланысты екенін ұмытпаған жөн. Сондықтан да Ұлттық Банк әлемдік қаржы және тауар рыноктарындағы жағдайды қаперден шығара алмайды.

Біріншіден, жетекші дамушы елдердегі жағдай. АҚШ-тағы «сапалық жұмсару» бағдарламасына сәйкес, қаржы дамушы елдерден дамыған елдерге ағылады. Бұл осы елдердің валютасына қысым жасаумен жалғасты. Нәтижесінде әлемдік экономиканың кейінгі дамуындағы белгісіздіктің әсерінен әлемдік қаржы және тауар рыноктарындағы өзгерістер артты.

Екіншіден, ресей рублі уақыт ілгері озған сайын құнсызданып барады. РФ Орталық банкі рубльді еркін айналымға жіберді. 2013 жылы ол АҚШ долларына деген курсы бойынша 7,1 пайызға әлсіреді. Үстіміздегі жылы да рубльдің әлсіреуі жалғасуда. Үшіншіден, бұл ҚР төлем балансының жағдайы. Ағымдағы операциялардың жағымды болуына қарамастан, пайдаланылатын тауарлардың импорты есебінен импорт өсуде.Төртіншіден, спекулятивті операциялардың өсуінің әсерінен ҚР экономикасында девальвациялық күту процесі жоғарылады. Бесіншіден, болашақта инфляцияны 3-4 пайызға төмендету үшін Ұлттық Банк инфляциялық шектеуге өтуді жоспарлап отыр, ол дегеніміз – айырбас курсының қатаң қадағалауынан бас тарту.

Теңгенің айырбас курсының сыртқы бәсекеге қабілеттілігін орнына келтіру, ҚР экономикасы сыртқы сауда балансын және отандық тауарөндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін қолдау – Ұлттық Банк валюталық саясатына өзгерістер енгізуді қажет етеді.

Еліміздің Ұлттық Банкі ақпанның 11-нен бастап теңгенің бұрынғы деңгейін сақтап тұрудан, валюталық интервенциялардың көлемін азайтудан, теңгенің айырбас курсын құру процесіне араласудан бас тарту туралы шешім қабылдады.Ұлттық банк теңге курсының жаңа бағамы 185 АҚШ доллары төңірегінде болады деп есептейді.

Ұлттық Банк қазіргі валюталық операциялар режиміне ешқандай тосқауыл қоймақ емес. Биылғы жылдың 11 ақпанынан бастап Ұлттық Банк айырбас пункттеріндегі шетел валютасын теңгеге сату-сатып алу бойынша АҚШ долларына – 2 теңге; Еуроға 3 теңге шегінде дәлізді белгіледі.

# ЖАҒДАЙ ТҰРАҚТЫ БАҚЫЛАУДА БОЛАДЫ

**Теңгенің АҚШ долларының жаңа бағамына байланысты кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен жиын өткізілді.**

Жиында облыс әкімінің орынбасары Наталья Годунова АҚШ доллары бағамының көтерілу себебі мен шетелдік валютаны сату және сатып алу бағасын қалыпты ұстау бойынша жасалып жатқан жұмыстар жайлы таратып айтып берді.

Ұлттық Банктің облыстық филиал директоры Ернар Жұмабековтің мәлімдеуінше, екінші деңгейлі банктердің филиалдарында шетелдік валюта бағамының қоры жеткілікті. Аймақ басшысы Ернар Жұмабековке жергілікті жердегі валюта айырбастау пункттерінде АҚШ долларын айырбастау мен сатып алу дәлізінде ауытқулар орын алмауын қадағалауды тапсырды. Ондай оқиғалар орын алған жағдайда лицензиясы қайтарылып алынатындығын ескертті.

Аймақ басшысы облыс әкімінің орынбасары Рзақұл Нұртаевқа және ауылшаруашылық басқармасы басшылығына тұрақтандыру қоры мен әлеуметтік дүкендердегі азық-түлік қорын қамтамасыз етуді, кәсіпкерлік туризм басқармасы мен «Байқоңыр» ӘКК және аймақтық кәсіпкерлер палатасына күнделікті тұтынудағы тауарлар бағасының күрт өспеуін қадағалауды жүктеді.

Қала мен аудан әкімдері күнделікті тұтынатын тауарлар бағасының тұрақты болуына бақылау жүргізуді тапсырды.

СЕЛЕКТОР

**Өткен сейсенбіде ҚР Премьер-министрі Серік Ахметовтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында аймақтық театрларды дамыту мәселелері қаралды. Селекторлық режимде өткен отырысқа облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысты.**

# МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНЫҢ ҚОРДАЛАНҒАН МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ АРНАЛДЫ

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед хабарлама жасады. Министр өз хабарламасында мәдениет саласының қордаланған мәселелеріне жеке-жеке тоқталды. Оның айтуынша, бүгінгі таңда заман талабына сай ғимараттардың болмауы театрларымыздың басты проблемасы болып отыр. «Театрларымыздың бүгінгі күндегі ең басты проблемасы – оларға арнап салынған заман талабына, биік өнердің биік талабына сай ғимараттардың жетіспеушілігі. Тіпті, бізге Кеңес заманынан мұра болып қалған 34 театрдың 21-і ғана типтік ғимаратта орналасқан болатын. Қалғандары XIX ғасырда немесе XX ғасыр басында түрлі мақсаттарға арналып салынған әр алуан ғимараттарда орналасқан. Мәселен, 1983 жылы ашылған Шымкенттегі қуыршақ театрына 1991 жылы салынған Никольск шіркеуінің ғимараты берілді және театр әлі күнге дейін сол ғимаратта отыр»,– деді министр.

Оның атап өтуінше, Тәуелсіздік жылдары 20 жаңа театр ашылып, оның төртеуіне заман талабына сай жаңа ғимарат тұрғызылған. Дегенмен, облыстық, тіпті кейбір астаналық театрлар отырған ғимараттар әлі күнге дейін сын көтермейді. Сондай-ақ, ол өңір әкімдеріне спецификасы, ерекшелігі көп, сахналық параметрлері, акустикасы сияқты айрықша талаптары болатын жаңа театр ғимараттар осындай міндеттерге сай болса екен деген тілегін жеткізді. Сонымен бірге министр облыстық театрлар үшін үнемі күн тәртібінен түспей келе жатқан өзекті мәселелердің бірі әртістерді баспанамен қамту болып отырғанын баса айтты. Соңғы екі жылда бірқатар облыстық театрларға бірде-бір пәтер бөлінбеген.

Театрлардағы кадр, әсіресе Қазақстан театрларында режиссер мамандығының жетіспеушілігі жайында атап айтқан министр бүгінде тоғыз бірдей өңірлік театрдың бас режиссерсіз жұмыс істеп жатқанын, өңірлерге барып жұмыс істеуге дайын режиссер жоқ емес, бірақ оларға жағдай жасалмай отырғанын, яғни, облысқа жаңа келген маманға баспана, лайықты жалақы, облыс басшылары тарапынан қолдау, ынта-ықылас керектігін жасырмады. Театр қызметкерлерінің айлық-жалақыларының да өзге мамандық иелеріне қарағанда әлдеқайда төмен екендігі айтылды.

Жалпы, Қазақстан Үкіметі өз отырысында барлық облыс әкімдерінің қатысуымен тұңғыш рет отандық театрларымыздың көкейкесті проблемаларына арналған арнайы жиынын өткізіп отырғаны белгілі. Осы орайда ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Мұхтар Құл-Мұхаммедтің айтуынша, алдағы уақытта рет-ретімен ұлттық мәдениетіміздің басты салалары театр, кино, кітапхана мен мұражай істеріне арналған Үкімет отырыстары өткізіліп, саладағы қордаланған мәселелер талқыланады. Сонымен қатар, оларды шешудің жолдары қарастырылатын болады. «Міне, осындай талқылаулардың негізінде еліміздегі Мәдени саясаттың 2030 жылға арналған жаңа тұжырымдамасы жасалатын болады», – деді министр.

Басқосуда сөз алған Қазақстан театр қайраткерлері одағының төрағасы, Қазақстанның Халық әртісі Тұңғышбай Жаманқұлов әртістерге мемлекеттік құрметті атақтарды бұрынғы жүйемен беруді ұсынды.

«Мәдениет пен өнер адамдары қашанда ел арасында беделді болып, халық сүйіспеншілігіне бөлену үшін жанын сала қызмет етеді. Олардың бизнесмендер секілді ақшалары мен жиған-тергендері болмайды. Әртіс еңбектері жанып, атақ-даңқы еленіп жатса – олардан бақытты адам жоқ. Сондықтан осы мемлекеттік құрметті атақтарды бұрынғы жүйемен «Еңбек сіңірген әртіс» және «Халық әртісі» дегенді қайта жаңғыртып, оны өздеріне беру керек»,– деді ол.

Сонымен қатар Қазақстанның Халық әртісі әлемдік бәсекеге қабілетті мәдениділді қалыптастыру үшін ең бірінші кадр мәселесі алғышарт болуы керек екенін айтты. Елімізде өнер саласындағы оқу орындары студенттерді оқытуда қатардан қалып жүрмесе де, білім ошағын бітірген жастардың, мамандардың жұмысқа орналасу, сол өңірлерде тұрақтап қалуы сынды мәселелермен бетпе-бет келгенде қауқарлық таныта алмай отырғанын баса айтты. Мұны білетін жастар Астана мен Алматыны айналсоқтап, той-томалақ, теледидар, киноны жағалап, бос жүретінін, есесіне жергілікті театрлар маман тапшылығын тартып, шығармашылық өнер мен кәсіби қойылымдар жасауда әлсіздікке бой алдырып жүргенін ашына айтып, осы орайда мәдениет саласына маман даярлайтын жоғары оқу орындарын ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қарамағына өткізу керек деген ұсынысын жеткізді.

Отырыс барысында сондай-ақ сала мамандары қойылымдарға бөлінетін қаржының да жеткіліксіздігін тілге тиек етті.

Мәжілісті қорытқан Үкімет басшысы Серік Ахметов: «Бүгін Үкімет отырысында аймақтық театрларды дамытуға байланысты жақсы әрі қажетті әңгіме болды. Орынды ұсыныстар айтылды. Оны Мәдениет және ақпарат министрлігі мұқият жан-жақты қарап, Үкімет хаттамасына кіргізуі керек, – деген Премьер-министр өнер ұжымдарының мәселесіне байланысты ұсыныстарды тиісті мемлекеттік органдар мен жергілікті әкімшіліктер назарға алуы тиіс екенін тапсырды.

**Айнұр БАТТАЛОВА.**

# БАҒА ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ САҚТАЛУДА

Белгілі болғандай, АҚШ доллары апта басында күрт көтерілді. Аталмыш мәселеге орай аймақ басшысы Қ.Көшербаев жедел жиын өткізіп, күнделікті тұтынудағы тауарлар бағасының күрт өспеуін қадағалауды сала мамандары мен аудан және қала әкімдеріне тапсырған болатын. Осы мақсатта қала әкімдігі тарапынан 4 мобильдік топ құрылып, азық-түлік өнімдері мен жанар-жағармай бағасын тұрақтандыру аясында арнайы рейд жұмыстарын жүргізуде.

Сәрсенбі күні болған рейдте облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының бас маманы Сұлтанбек Бисенбаев, қалалық кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Қожахмет Ілиясов бастаған топ халық көп баратын әрі қаланың ірі сауда орындары болып табылатын «Мирас», «Сырдария», «Анвар» орталықтарында болды. Азық-түлік, көкөніс өнімдерін сататын бұл сауда ошақтарында әзірге баға тұрақты, бұрынғы бағаны сақтап тұр. Дегенмен, аталмыш сауда орталықтары қазіргі сәтте тауар қабылдап жатқан жоқ. Егер сырттан келетін өнім қымбат бағамен келсе, онда бағаның өсуі мүмкін деген болжам бар. Десек те, халықтың қалтасына қолайлы бағаны ұстап тұру үшін барынша жұмыс жасалып жатыр.

«Өздеріңіз білетіндей, АҚШ доллары көтерілді. Осыған орай, бағаны тұрақты ұстап тұруға облыс әкімі тапсырма жүктеді. Бүгін үш сауда орталығында болдық. Әзірге баға бірқалыпты, өнімдер бұрынғы бағасымен сатылуда. Бір апта көлемінде барлығы ретке келеді деп есептейміз. Егер сатушылар тарапынан өнімге кез келген баға қойылып, өсетін болса, заң аясында шара қолданылатын болады»,-деді қалалық кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Қожахмет Іліясов.

Жалпы күн сайын тұтынатын өнімдердің бағасын бағамдап, бақылауда ұстауды көздеген мұндай рейд алдағы уақытта да жалғасын табатын болады.

**М.ОТАРАЛЫ.**

**Қоғамдағы кез келген оқиға жұртшылық назарынан қалыс қалмайтыны белгілі. Бұл жолы да солай болды. АҚШ доллары бағамының өсуі көпшілік арасында түрлі пікірлерді қалыптастыруда. Бірақ аудан әкімдігі тарапынан жағдай толық бақылауға алынды.**

# ЖҰМЫСШЫ ТОБЫ ҚҰРЫЛДЫ

Қазалыда аудан әкімі Бақыт Жахановтың тапсырмасымен бағаны тұрақтандыру жөніндегі арнайы жұмысшы тобы құрылды. Аудан әкімінің орынбасары Бақытжан Жарылқап төрағалық жасайтын бұл топтың құрамы кент, қала әкімі, ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік саласы мен базар басшыларынан жасақталған. Арнайы топ мүшелері өздерінің алғашқы отырыстарын жасап та үлгерді. Онда бағаны тұрақтандыру, жұртшылық арасында түсіндірме жүргізу, қажетті кезенде «Байқоңыр» ӘКК қоймасының өнімін пайдалану, басқа да өзекті мәселелер талқыланды.

Осы бағытта атқарылып жатқан шаралар жайлы толығырақ білмек болып, сала басшыларына жолыққан едік. Біздің сауалымызға Қазалы аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Әліби Әбиев «Бағаны тұрақтандыру тұрғысында кент көлеміндегі «Ырыс-Болашақ», «Мусаев», «Орын-Ай», «Ернар» базарлары мен сауда орталықтарында тиісті шаралар ұйымдастырылуда. Бәрі бақылауда» деп жауап қайтарды.

**Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.**
Қазалы ауданы.

# АГРОӨНДІРІСТІК КЕШЕННІҢ КЕЛЕШЕГІ

**Кеше "Бастау" бизнес орталығында облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен "Нұр Отан" партиясы облыстық филиалы саяси кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті. Оған аумақтық партия филиалдары, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері қатысты.**

Елбасының дәстүрлі Жолдауын талқылауда, елдің 2050 жылға дейінгі жаңа бағдарын халыққа түсіндіруде игі бастамаларға белсенді араласатын нұротандықтарға үлкен жауап жүктеліп отыр. Бүгінгі басқосуда Жолдауда көрсетілген агроөндірістік кешенді инновациялық бағытқа көшіру бағдары кеңінен талқыланды. Саяси кеңес отырысында сөз сөйлеген аймақ басшысы өткен жылы межеленген іс-қимыл жоспарының жүзеге асқанын, бастауын Елбасы Жолдауынан алатын 2014 жылға арналған іс-қимыл жоспары жасалғанын айтты. Ел дамуының басты стратегиясымен үндесетін, сондағы қағидаттарға сәйкес келетін жоспар бойынша аймақ экономикасын дамыту, тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсарту көзделген. Аталған құжат жыл ішінде атқарылатын толымды тірліктерге негіз болады.

Еліміз ауыл шаруашылығы өнімдерінің ірі аймақтық экспортерлерінің біріне айналу үшін аграрлық ғылымды жетілдіру мақсаты тұр. Осы бағытты жүзеге асыру үшін аумақтық бағдарламалар әзірленбек. Тауар өндірушілерге лизинг арқылы ірі қара, қой және жылқы алу үшін инвестициялық жоба дайындау, іске асырылады. Аймақ басшысы өңірдің басты дақылы – күріш өндірісін ғылыммен ұштастыру туралы ойларымен бөлісті.

Өңірдегі күріш өндірушілер мен өңдеушілердің жай-күйі туралы Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев те айтты. Өткен жылы рекордтық өнім жинаған Сыр диқандары шаруаларының дөңгеленіп кетуіне зор қолдау көрсетілді. Күріш шаруашылықтарының қазіргі жағдайын осыдан 10-15 жыл бұрынғы жағдаймен салыстыруға да болмайды. Халықаралық стандартқа сай өнім шығарғанда ғана оның бәсекелестікке төтеп бере алатынын тауар өндірушілер жете түсінді.

Саяси кеңес отырысында Күріш ҒЗИ ғалымы, ауыл шаруашылығы ғылымының кандидаты Сәуле Байбосынова ғылымға сүйенбей күріштің экспорттық әлеуетін көтеру мүмкін еместігін айтты. Сыр маржанының өміршеңдігі мен өнімділігін арттыру үшін атқарылатын жұмыстардың ауқымы зор. Институт шығарған сорттар өңірдің қатал климаттық және топырақ жағдайына бейімделген.

Арал өңіріндегі ағайынның атакәсібі – балық шаруашылығының өркендеуі халықтың бақуатты тірлігін қамтамасыз етеді. Балық консорциумының төрағасы Әділбек Әйімбетов балық шаруашылығындағы қазіргі қалыптасқан жағдайға шолу жасады. Сондай-ақ "Дипломмен –ауылға!" бағдарламасы аясында еңбек етіп жатқан жас мамандар Аягөз Дәлиева, Әсет Сүмбетов өз пікірлерін ортаға салды.

Саяси кеңес отырысында айтылған ұсыныстар негізінде шешім қабылданады. "Нұр Отан" партиясы Елбасы Жолдауының негізгі бағыттарын саралауда партия мүшелерінің білім-білігін, өмірлік тәжірибесін пайдаланып, түсіндірме жұмыстарын жалғастыра бермек.

**Гүлжаз ТЕЛЬМАН.**

ЕЛАЛДЫНДАҒЫ ЕСЕП

**Жылдағы дәстүр бойынша Сырдария ауданының әкімі Ғанибек Қазантаев осы аптаның сейсенбі күні аудан жұртшылығы алдында есеп беріп, өткен жылы алынған асулар мен биылғы жылы шығар белестерді талғам таразысына салды. Есепті жиынға Президент Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы С.Аманғалиев, облыс әкімінің орынбасары Н.Әлібаев, «Абзал и К» толық серіктестігінің төрағасы, облыстық мәслихат депутаты, Қазақстанның Еңбек Ері А.Ералиев, облыстық қаржы басқармасының бастығы Қ.Сәрсенбаев қатысты.**

# ТЫҢ БАСТАМАЛАР ТҰҒЫРҒА ШЫҒАРАДЫ

– Елбасымыздың биылғы жылғы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы еліміздің тұрақты дамуын қамтитын шаруашылықтың барлық саласына соны серпін беретін, халқымыздың жарқын келешегі мен игілігін көздейтін шын мәніндегі тарихи құжат, – деп сөз бастаған әкім аудан аумағындағы атқарылған ауқымды істер мен алдағы атқарылар міндеттерді егжей-тегжейлі баян етті.

Сыр елі – ежелден егіннің ебін, түліктің тегін танитын шаруақор ел. Күріш фабрикасы атанған Сырдария ауданының Сыр аймағындағы орны өз алдына бір төбе. Өткен жылы осы аудан диқандарының өзгелерден мерейлері үстем болып, жұлдыздары жанды. Аудан аумағында 17920 гектар жерге Сыр салысы егіліп, оның әр гектарынан 51,5 центнерден ақ маржан жиналып, аймақтың көш басына шықты. Сырдариялық Абзал Ералиев Қазақстанның Еңбек Ері атағын еншіледі.

Өткен жылдың желтоқсан айында ауданда инвестициялық бизнес форумның өткізілуі де тектен-тек емес. Бизнес форумға Ресей мемлекетіндегі күріш ғылыми-зерттеу институтының мамандары қатысып, меморандумдарға қол қойылып, күріш кластерін дамыту жөніндегі мәселелерге жаңа бағыт жасалды. Соған сәйкес аудан аумағында 2014-2016 жылдар аралығында 15 инвестициялық жоба іске асырылып, 1559 жаңа жұмыс орны ашылмақ. Демек, аудандағы жұмыссыздық деңгейі 6,3 пайыздан 5,0 пайызға түседі деген болжам бар.

Ауданда «Сыбаға» бағдарламасы аясында мал шаруашылығын дамытуға да бетбұрыс бары байқалады. Осы бағдарлама негізінде өткен жылы 555 бас ірі қара малы сатып алынып, мүйізді ірі қара 26310 басқа, түйе 1108 басқа, жылқы 8492 басқа, қой мен ешкі 23903 басқа жетіп отыр. Ірі қара малын асылдандыруға байланысты Үкімет тарапынан берілген 73 млн. теңге субсидия игерілген.

– Аудан аумағындағы көптеген түйінді мәселелердің шешілуі қаржыға байланысты, – дейді аудан әкімі. – Өткен жылғы аудандық бюджеттің шығыс бөлігі 5 млрд. 925 млн. теңгеге жетті. Республикалық, облыстық, аудандық бюджет есебінен «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы негізінде аудан аумағында экономикалық және әлеуметтік жағдай жақсарған. Саралап айтар болсақ, аудан халқының 93 пайызы таза ауыз сумен қамтамасыз етілген. Сондай-ақ, аудандық маңызы бар жолдарды орташа және күрделі жөндеу бағытында да серпіліс бар. Көптеген ауыл жолдары жөндеуден өткізілсе, «Тереңөзек-Шаған» автожолындағы Сырдария өзені арқылы өтетін көпір құрылысы биылғы жылы пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Ауданда шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бағытында да ауқымды істер қолға алынып жатыр. Бүгінде 1415 шағын субъектілері тіркеліп, олар 5247 адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етіп отыр. Өткен жылы кәсіпкерлер 755,8 млн. теңге көлемінде өнім өндіріп, мемлекет қоржынына 50,1 млн. теңге қаржы салған. Айта кету керек, биылғы жылы құны 14,3 млрд. теңге тұратын «Кеңлік» кен орнында ілеспе мұнай газын тиімді пайдалану мақсатында электрэнергия шығару өндірісі жобасы мақұлданды. Сондай-ақ, ағымдағы жылы «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы негізінде 6 жобаны субсидиялау үшін мақұлданып отыр.

Аудан аймағында білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет саласын дамытуда да бетбұрыс бары байқалады. Бүгінде аудандағы 46 білім ошақтарында 6908 оқушы тәлімді тәрбие алуда. Бір айта кетер жайт, 1-ші және 2-ші сынып оқушылары толықтай ыстық тамақпен қамтамасыз етілсе, 2014-2015 жылдары 3-ші және 4-ші сынып оқушылары да қамтылмақ. Мектеп оқушылары тегін оқулықтармен қамтамасыз етіліп отырса, балалардың жазғы тынығулары да жолға қойылған. Ал, денсаулық сақтау саласына келер болсақ, өткен жылы Айдарлы, Бесарық, Іңкәрдария ауылдарында дәрігерлік амбулатория ғимараттары бой көтерсе, биылғы жылы аудандық ауруханы жөндеуге 63 млн. теңге қаржы қаралып отыр.

Спорт пен денешынықтыру саласында да оң өзгерістер бар. Өткен жылы Елбасы тапсырмасына орай спортпен шұғылданатындар санын 25 пайызға жеткізу мақсатында аудандық бюджет есебінен 42 млн. теңге қаржы қаралып, Тереңөзек кенті мен 5 елді мекенде ашық спорт алаңдары салынып, пайдалануға берілген.

Ауданның мәдени өмірі де жаңалықтарға толы. Биылғы жылы Қазақстан және КСРО Халық әртісі С.Майканованың 100 жылдығы тойланбақ.

Аудан әкімі Ғ.Қазантаев аудан аумағында өткен жылы алынған асуларды айтып қана қоймай, биылғы жылы шығар белестерді де баян етті. Басты-бастыларын нақтылай айтар болсақ, биыл республикалық бюджет есебінен Тереңөзек кентіндегі бір мезгілде 250 адамды қабылдайтын аудандық емхана құрылысы пайдалануға беріліп, «Ширкейлі» ауылындағы құны 76 млн. теңге тұратын дәрігерлік амбулатория құрылысы басталмақ. Ал, облыстық бюджет есебінен С.Сейфуллин ауылы мен Іңкәрдария ауылы клубтары биылғы жылы пайдалануға берілер болса, Қоғалыкөл, Ақжарма ауылдарындағы дәрігерлік амбулатория құрылыстарының жобалық-сметалық құжаттары дайындалып, мемлекеттік сараптамадан өткізіледі. Сондай-ақ, Тереңөзек кентіндегі орталық аурухана ғимаратын күрделі жөндеуге 63,4 млн.теңге қаржы қаралып отыр. Айтқандай, биылғы жылы ауыз су қызметтерінің құнын субсидиялау мәселесі өз шешімін тапты. Бұған облыстық бюджеттен 53 млн. теңге субсидия бөлініп, нәтижесінде аудан тұрғындары тәулік бойы таза ауыз сумен қамтамасыз етілмек.

Жарыссөзге облыстық мәслихат депутаты, Қазақстанның Еңбек Ері А.Ералиев, аудандық мұражай директоры А.Бактиярова, еңбек ардагері З.Сыздықова, ауданның құрметті азаматы М.Сақтапов, студент А.Сағындықова, «Нұр Отан» жастар қанатының атқарушы хатшысы Т.Садақбаевтар шығып сөйлеп, ой-пікірлерін ортаға салды. Аудан тұрғындарының ұсыныс-пікірлеріне аудан әкімі түсінікті жауап беріп, тұрғындардың айтқан толғақты мәселелердің өз шешімін табатындығына сенім білдірді.

Аудан әкімінің есеп беру жиынында облыс әкімінің орынбасары Н.Әлібаев қорытынды сөз сөйлеп, Елбасы Жолдауынан туындайтын міндеттерді сарапқа салды.

**Еркін ӘБІЛ.**
Сырдария ауданы.

## Облыс әкімі инвесторларды қабылдады

Аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев «Polyard Petroleum International Group LTD» компаниясының өкілдерін қабылдады. Қабылдауда компания президенті Лай Эрик өзі басқаратын кәсіпорынның мұнай саласына инвестиция салуға ниетті екендігін жеткізді. Инвестор еліміз бен облыстың даму көрсеткішімен жақсы таныс екендігін, өңірдің болашағын жоғары бағалайтындығын айтты.

Бұл, әрине, өткен жылы өткізген қос бірдей инвестициялық форумның жемісі. Биыл тағы осындай екі форум өтеді. Тараптар әрі қарай әріптестікті дамытып, бірлесе жұмыс істеуге уағдаласты.

**Облыс әкімінің баспасөз қызметі.**

## ЕЛІМІЗДІҢ ЕРТЕҢІ – ЖАСТАРДЫҢ ЕНШІСІНДЕ

Жосалы кенті әкімінің мәжіліс залында «Жас Отан» жастар қанатының кезектен тыс VI конференциясы өтті. Онда аудандық филиалы жанындағы атқарушы хатшысы А.Қозыбақовтың 2013 жылы атқарылған жұмыстарының есебі тыңдалды. Жиынға аудан әкімінің орынбасары Ә.Қошалақов қатысып, сөз сөйледі. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы -2050: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауынан туындайтын міндеттерге тоқталып өткен ол «Қазірде еліміз әлеуметтік-экономикалық жағынан өсіп келеді. «Қазақстан-2050» Стратегиясы барлық саланы қамтиды және үздіксіз өсуді қамтамасыз етеді. Бүгінде біздің мемлекетіміз 30 елдің қатарына кіруді мақсат етіп отыр. Осы мақсат-міндеттерді орындайтын болашақ жастар – сіздерсіздер» деген ол жастарға шақыру салды.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша А.Қозыбақов «Жас Отан» жастар қанатының 2013 жылы атқарған жұмыстарының есебін беріп, алдағы 2014 жылы атқарылатын міндеттерге тоқталды. Ол өз есебінде «Дипломмен – ауылға!», «Жастардың кадрлық резерві», «Стоп, қылмыс» жобалары бойынша атқарылған жұмыстарды егжей-тегжейлі баян етті.

Есепті жиында «Жас Отан» жастар қанатының белсенді мүшелері: «Жыраулар үйінің» маманы А.Іскендіров, салауатты өмір салтын қалыптастыру кабинетінің психологы К.Алданазарова, аудандық емхананың фельдшері Н.Зиядинұлы өз ой-пікірлерін білдірді. «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары К.Раева Елбасы Жолдауынан туындайтын міндеттерге тоқталып өтті. Басты құжатты жаңа форматта насихаттау жұмыстарын ұйымдастыруға, белсенді жастар тобын құрып, ауылдық елді мекендерде халықпен кездесу ұйымдастыру қажеттігін ескертті.

«Жас Отан» жастар қанаты облыстық филиалының атқарушы хатшысы Е.Меңлібаев сөз сөйлеп, аудандық әріптестерінің жұмысын әлі де болса жандандыру қажеттігін айтып, «Жастар – ауылға» мобильді топтарын құру қажеттігін ескертті. Келесі сөз кезегін алған «Жас құрылысшылар» жасағының жетекшісі С.Жұмабеков облыс әкімінің бастамасымен аймақта жас құрылысшылар жасағы құрылғанын, оған облыс бойынша 145 жас тартылғанын айтып, аудан көлемінде жақында ғана ашылған «Жастар саябағында» «Жастар сарайы» салынуы жоспарланғанын жеткізді. Аудан жастарын құрылыс жұмыстарына тарту арқылы жұмыссыздықты азайту қолға алынбақ.

Жиын соңында бір топ жас «Жас Отан» жастар қанаты облыстық филиалының Алғыс хаттарымен марапатталды.

«Жас Отан» жастар қанаты аудандық филиалының хатшысы болып А.Қозыбақов қайта сайланды.

**Е.АҚҚАЛИҰЛЫ.**
Қармақшы ауданы.

ДӘУЛЕТ ПЕН СӘУЛЕТ

# СЫР ЕЛІ БАС ҚАЛАСЫНЫҢ САЛТАНАТЫ АРТА БЕРЕДІ






Қазақстан мемлекетінің жеткен жетістіктеріне Қызылорда облысы да лайықты үлесін қосып отыр десек, Сыр елінің бас қаласы Қызылорда қаласының ондағы үлесі басымдылыққа ие болып отырғаны даусыз нәрсе. Әкімдердің есеп беру кезеңінде Қызылорда қаласының даму көрсеткіштеріне зер салар болсақ, оның өткен жылмен салыстырғанда барлық салада қарқынды дамуы байқалады. Иә, қаланың жыл сайынғы даму көрсеткіші оң сипатқа ие болып келеді.

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Сыр өңірі басшылығына келген сәттен Қызылорда қаласының сәулеті мен дәулеті артуына, инвестициялық тартымды қалаға айналуына айрықша маңыз беріп келеді. Осы мақсатта жігерлілігімен, табандылығымен көзге түсіп жүрген іскер азамат Нұрлыбек Нәлібаевты қала басшылығына әкелді. Бір жыл көп уақыт емес. Алайда, облыс және қала әкімдерінің Қызылорда қаласының көркейіп, кемелдене түсуі үшін атқарып жатқан жұмыстары көпшілік көңілінен шығып келеді. Айтары жоқ, Қызылорда қаласы бүгінде әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды іске қосу, қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыру арқылы қарқынды дами отырып, аймақ экономикасының барлық салаларында «локомотивіне» айналуда. Оған толық дәлел болар цифрларға шолу жасап өтелік.

Мәселен, өнеркәсіп кәсіпорындарындағы өндірілген өнім көлемі 2012 жылмен салыстырғанда 222 млрд. теңгеге артық орындалып, 1,2 трлн. теңгені құрады. Облыста өндірілген өнімнің 94,2 пайызы, салынған құрылыс нысандарының үштен бірі Қызылорда қаласының үлесінде. Ал негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 180 млрд. теңгені құрады. Бұл облысқа салынған инвестицияның 48,3 пайызы. Қала бюджеті өткен жылдың басында бекітілген қаржы көлемінен 1,6 есе ұлғайып, 37,9 млрд. теңгені құрады.

Қызылорда еліміздегі басқа облыс орталықтарымен салыстырғанда ауылшаруашылық өнімдерін өндіретін және тұрғындарын қамтамасыз ететін қала ретінде ерекшеленді. Өткен жылы қалаға қарасты ауылдық округтердегі ауыл шаруашылығы құрылымдарының өндірген жалпы өнімі 3,1 млрд. теңге болды. Диқандар 6717 гектар жерге дақыл ексе, тауар өндірушілерге арзандатылған жанар-жағармай, тыңайтқыш және су жеткізу қызметтеріне 92 млн. теңге субсидия төленді. Мал шаруашылығының барлық мал басы түрінен тұрақты өсім бар. «Сыбаға» бағдарламасы аясында 197 млн. теңгеге 1152 бас ірі қара және асыл тұқымды мал алынып, 13 шаруашылық мал өнімдерін өндіргені үшін 43 млн. теңге субсидия алды.

Еңбек нарығындағы жақсы өзгерістер арқасында адамдардың өмір сүру сапасы арта түспек. Еліміздегі жұмыссыздықты жоюды көздейтін сәтті бағдарламалардың «Жұмыспен қамту-2020» Осы бағдарлама аясында 1336 тұрғын тұрақты жұмысқа орналасты. Жыл ішінде 3272 жаңа жұмыс орны ашылып, жұмыссыздық деңгейі 2012 жылмен салыстырғанда 0,1 пайызға төмендеді. Мемлекеттік атаулы көмек алушылар саны 50 пайызға азайып, өз кәсібін ашқан азаматтар қатары 24,3 пайызға артты.

Сыр елінің астанасы қарқынды құрылыс алаңына айналып келеді. Тұрғын үйлер көлемінің өсуі халықтың әл-ауқаты артқандығын көрсетеді. 2013 жылы қаржыландырудың барлық көздері есебінен қалада жалпы ауданы 140 мыңға жуық шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Соның ішінде мемлекеттік бағдарламалар аясында 25 тұрғын үй бой көтеріп, оның 13-і халық игілігіне ұсынылды. Бұл үйлер бір жағынан қаланың сәулетіне сән қосып жатса, екінші жағынан адамдарға жаңа баспана болып қуантуда. Осы орайда жыл ішінде 436 қызылордалық қоныс тойын тойлағанын атап өту керек. Өткен жылдың тағы бір жақсы жаңалығын айта кетуге болады. Қала басшылығы облыс орталығындағы апатты жағдайдағы үйлер мәселесін де кезең кезеңімен шешуді бастады. Титов қыстағындағы апатты жағдайдағы үйлер көптен көтеріліп келе жатқан мәселе. Қаланың көркін бұзып тұрған мұндай үйлерге қатысты қозғалыс басталғаны қала тұрғындарын қуантып отырғаны рас.

Облыс әкімінің қолдауымен өткен жылы облыстың төтенше жағдайлар резервінен 208 млн. теңге бөлініп, 24 пәтерлік тұрғын үй салынды.

Қала тіршілігінде коммуналдық саланың алар орны ерекше. Өткен жыл қаланың коммуналдық саласында қарқынды тірліктердің жүргізілуімен айшықталды. Аймақ басшысының қолдауымен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласына бөлінген қаржы көлемі 2012 жылмен салыстырғанда 2,5 есеге артты. Соның ішінде республикалық және жергілікті бюджеттерден бөлінген 5,4 млрд. теңгеге жалпы ұзындығы 94,4 шақырым құрайтын 78 көшеге қайта жаңғырту, күрделі және орташа жөндеу, 82 көшеге ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жол инфрақұрылымындағы қаланың күре тамыры, стратегиялық тұрғыдағы аса маңызды әуежайдан қалаға дейінгі жолдар күрделі жөндеуден өткізіліп, жарықтандырылды. Орталық Жібек жолы көшесі 6 жолақтық болып қайта жаңғыртылды.

Қызылордалықтар үшін өзекті мәселелердің бірі – қоғамдық көлік мәселесі. Соған байланысты қоғамдық көлік проблемаларын шешу мақсатында нақты шаралар қабылдануда. «Байқоңыр» ӘКК жанынан «Қызылорда автобус паркі» құрылып, аймақ басшысының қолдауымен парктің материалдық-техникалық базасы нығайтылу үстінде. Осы орайда облыстық бюджеттен бөлінген қаржыға жаңадан 20 үлкен сыйымдылықтағы автобус алынды. Жақын арада жұмысқа қосылатын бұл автобустардың ерекшелігі – экологиялық таза, мүмкіндігі шектеулі жандар үшін де қолжетімді. Үстіміздегі жылы қоғамдық көліктер қосымша 100 үлкен сыйымдылықтағы автобуспен толығады.

Қызылорданы қауіпсіз қалаға айналдыру бағытында кешенді шаралар қабылдануда. Осы мақсатта қалалық бюджеттен бөлінген 465,3 млн. теңгеге 31 көшеге еуростандарттарға сай, энергия үнемдейтін жаңа үлгідегі бағдаршамдар, жол белгілері орнатылып, жол сызықтары жүргізілді. Бұған дейінгі жылдарда облыс орталығында қыс мезгілінде қар тазалау жағдайы сын көтермейтіні есімізде. Ал биылғы жылы тазалық жұмыстарымен айналысатын мекемелерге тұрғындар ризашылығын білдіруде. Бұл да облыс және қала әкімдерінің осы салаға нақты көңіл бөлуінің нәтижесінде болып отыр. Өйткені коммуналдық мекемелерге жаңадан 70 арнайы техника алынған болатын.

Шағын және орта бизнесті дамыту ел экономикасын алға бастырады. Қызылорда қаласында кәсіпкерлер үшін қолайлы жағдайлар жасалуда. Кәсіпкерлікті дамытуға «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасының шапағаты тиюде. Бүгінгі күні жалпы құны 4 млрд. теңгені құрайтын 65 инвестициялық жоба қаржыландырып, 1213 қызылордалық тұрақты жұмысқа орналасты. 2015 жылға дейін бағдарлама аясында жалпы құны 42,3 млрд. теңгені құрайтын 24 инвестициялық жоба іске қосылатын болады. Өткен жылдың өзінде жалпы құны 1,6 млрд. теңгелік «Ақбарыс» ЖШС-ның «Мал бордақылау, ет өндіру цехының құрылысы», «Қайнар» спорт клубы қоғамдық бірлестігінің «Қызылорда қаласында спорттық сауықтыру кешені құрылысы» жобалары іске қосылып, халыққа тұрақты қызмет көрсетуде. Жаңадан 65 жұмыс орны ашылды.

Қаланың әлеуметтік саласында да айтарлықтай жақсы жаңалықтар жеткілікті. Өткен жылдың өзінде «Балапан» бағдарламасы аясында 1295 баланы қамтитын 14 балабақша ашылды. Қалаға қарасты бірқатар ауылдарда клуб ғимараттары бой көтерді. Облыс орталығындағы көпқабатты тұрғын үйлер аулаларында 23 балалар спорт алаңы салынып, «Мұз айдыны» іске қосылды. Руханият өкілдері үшін «Шығармашылық үйі» пайдалануға берілді.

Жоғарыда келтірілген деректер мен көрсеткіштер бұл Қызылорда қаласында өткен жыл бойы жасалған ауқымды жұмыстардың бір бөлігі ғана. Сыр елі бас шаһарының ажары айшықталып, дәулеті таси беру үшін қала әкімінің командасы қол жеткен жетістіктерді одан әрі дамыта беретіні сөзсіз.

**Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.**

# АГРОӨНЕРКӘСІПТЕ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР АУҚЫМЫ КЕҢ

**Кеше «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты облыстық коммуникациялар орталығында ауыл шаруашылығы саласы бойынша атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер жөнінде баспасөз мәслихаты өткізілді. Журналистермен жүздесуге облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары Омархан Пашкенов келді. Аталмыш шараны «Сыр медиа» ЖШС директорының орынбасары Нұрлан Соңғыбаев жүргізді.**




Мемлекеттік қолдаудың арқасында облыстың агроөнеркәсіп кешенін қолдауға бөлінген қаржы жыл санап артып келеді. Биыл аграрлық секторды мемлекеттік қолдауға 6,2 млрд. теңге бөлінеді деп күтілуде. Былтыр саланың жұмысына 5,5 млрд. теңге бөлінді. Ол алдыңғы жылмен салыстырғанда 44,7 пайызға артық. Өткен жылы 48,3 млрд. теңгенің өнімі өндірілді. Қазіргі таңда аймақта күріш шаруашылығын дамытуға мән беріліп отыр. Осы мақсатта арнайы консорциум құрылып, күріш кластерін қалыптастыру және қазіргі нарық заңдылығы талаптарына сәйкес бәсекеге қабілетті өнім шығаруға назар аударылды. Соның нәтижесінде күріш кластерінің қызметін қалыптастыру мақсатында «Жалағаш элеваторы» сатып алынып, шаруалардан күріш салысының әр келісі 40 теңгеден қабылданды. Былтыр күріштен рекордтық өнімге қол жеткізіліп, орташа есеппен әр гектардан 48,8 центнерден өнім жиналды.

– Үстіміздегі жылы шаруашылықтардың барлық нысандары бойынша 157,6 мың гектар егіс егу межеленіп отыр, – деді О.Пашкенов журналистерге. – Оның ішінде басты күріштің көлемі 78,7 мың гектарды құрайды. Қалған бөлігі мал азығындық, картоп, көкөніс-бақша, майлы және техникалық дақылдар еншісіне тиеді. Ауыл шаруашылығы дақылдары көлемін әртараптандыру мақсатында мал азығындық дақылдардың көлемі өткен жылмен салыстырғанда 1856 гектарға ұлғайтылды. Сонымен қатар, жыл сайын көкөніс-бақшаны тамшылатып суару көлемін арттыру көзделуде.

Үстіміздегі жылдың 1 қаңтарына дейінгі мәлімет бойынша біздің өңірде 240,8 мың мүйізді ірі қара, 581,2 мың қой мен ешкі, 75,2 мың жылқы, 33,3 мың түйе және 91,1 мың құс өсірілуде. Қазіргі таңда келешекте ет өндірісімен айналысатын фермерлік шаруашылықтар ұйымдастыруға көңіл бөлініп отыр. Бұл жұмыс «Мүйізді ірі қара етінің экспорттық әлеуетін көтеру» жобасы бойынша қолға алынуда. Осы мақсатта «Қазагро» АҚ арқылы 7 жылға 6 пайызбен жеңілдетілген несие беру жолға қойылған. Аталмыш бағдарлама аясында былтыр 73 фермерлік шаруашылықтар құрылды. Осының арқасында 468,3 млн. теңге көлеміндегі жеңілдетілген несиеге және шаруашылықтардың өз қаржысы есебінен 2964 аналық сиыр мен 169 асыл тұқымды ет бағытындағы бұқа сатып алынған. Облыста мал шаруашылығын дамыту мақсатында «Сыбаға» бағдарламасы аясында жұмыстар атқарылады. Оның жоспарына сәйкес үстіміздегі жылы біздің өңірде 1700 ірі қара малын сатып алу көзделіп отыр.

Шаруашылықтар ауыл шаруашылығы машина-трактор паркін жаңалау мақсатында «Қазагроқаржы» АҚ арқылы лизингілік жолмен 136 техникаға қол жеткізді. Өткен жылы «АзовАралАгромаш БК» ЖШС 30 дана күріш, 6 шөп оратын жаткалар мен 24 дана шөп тайлағышты құрастырып шығарды. Шиелі кентіндегі мал сою пункті және «Бөген» СДО» ЖШС бойынша 2 жоба іске қосылды. «Дипломмен – ауылға!» жобасы шеңберінде 115,1 млн. теңге көтерме жәрдемақы бөлініп, оған 372 маман қол жеткізді. Сондай-ақ, аталмыш шара барысында 351 маман тұрғын үй алып, бұл мақсатта 861,2 млн. теңге жеңілдетілген несие берілді.

Шара барысында Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы» ғылыми-зерттеу институты» ЖШС бас директорының орынбасары Ибадулла Тәутенов сорттарды жаңарту бағытында жасалып жатқан жұмыстар жөнінде айтып берді.

**Әділжан ҮМБЕТ.**

# БІРЛІГІ КҮШТІ ЕЛ ОЗАДЫ

**Халық қалаулылары кезекті іс-сапармен жуырда жарияланған Елбасымыздың жыл сайынғы Жолдауын халыққа жеткізу мақсатында сайлаушылармен кездесуде. Осы мақсатпен облысымызға келген Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің төрағасы Әйімбетов Сейітсұлтан Сүлейменұлынан сұхбат алғанды жөн көрдік.**



МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

*– Президентіміз Ата заңымызда бекітілгендей жыл сайын өз халқына үндеумен шығады. Осы жолғы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауының негізгі бағыттары жөнінде айтып кетсеңіз?*

– Ел өркендеуінің алғышарты, оның еңсесін көтеретін, рухын бекітетін нәрсе – ол алдына қойған мақсаттары, жарқын болашаққа сенімі. Ал сол мақсаттарға, арманына жету үшін әр қадамын егжей-тегжейлі сараптауы, қалаған іргетасының бекем болуының салдары. Мінеки, Елбасымыз да өз Жолдауында еліміз көтерген тудың мәңгілік, шаңырағының биік болуы үшін болашаққа назар аударып, бүгіннен бастап әрекет етуге шақыруда.

Осы тұста Мемлекет басшысының Қазақстан халқына биылғы Жолдауы – Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму жолын айқындайтын стратегиялық құжат болып табылады. «Қазақстан-2050» сияқты ұзақмерзімді стратегияны қабылдау кез келген елдің, кез келген өкіметтің қанша тырысса да қолынан келе бермейтіні анық. Елбасымыз бұл құжатты: «күннен күнге, жылдан жылға елімізді, қазақстандықтардың өмірін жарқын ете түсетін нақты практикалық істер бағдарламасы», деп нық басып айтты. Әлде де стратегиялық дамуын жариялаған елдер қатарында Түркия, Қытай, Малайзия сияқты алып елдер орын алуда. Осындай даму жолының тұрақтылығына сенімді арттыратын құжаттың бар болуы бір бөлек, оны ашып-айқындайтын, нақтылайтын, қарапайым халықтың түсінігіне қонымды, түйсігіне жақын нұсқаулар беру екінші мәселе. Осы Жолдау «Қазақстан-2050» бағдарына алғашқы нұсқау деп айтуға болады.

Президент еліміздің әлемдегі дамыған 30 елінің қатарына енуіне толық жоспарын ұсынды. Ол бүгін тұжырымдама ретінде бекітіліп, бізге алдағы 15-17 жыл ішінде Қазақстанның кең ауқымды серпіліс жасауы үшін «мүмкіндіктер кезеңін» қолдануға сілтеме болмақ.

Осы ретте Жолдаудың ең маңызды басымдықтарының арасында инновациялық индустрияландыру трендін күшейту орын алуда. Бұл жалпы ішкі өнімнің жыл сайынғы өсімін 4 пайыздан кем қылмауға бірден-бір кепілдік. Ал, ол өз кезегінде 2050 жылы жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнімнің көрсеткішин 4,5 есеге, яғни бүгінгі 13 мың АҚШ долларынан 60 мың АҚШ долларына дейін өсетініне әкеледі. Бұл көрсеткіштердің астарында халық әл-ауқатының артуы, тұрмысының жақсаруы жатыр.

Алға қойған мақсаттарға жету үшін Елбасы Үдемелі индустриялық-инновациялық даму жөніндегі мемлекеттік бағдарламаның екінші бесжылдығын әзірлеуді тапсырып, индустрияландыру басымдықтарының санын шектеу қажеттілігін атап өтті.

*– Осыған байланысты біздің өңіріміздегі қандай жетістіктерімізді атар едіңіз?*

– Қызылорда облысы да индустрияландыру толқынына ілесіп келеді. Облыста осы бағдарлама шеңберінде тәулігіне 80 тонна құрама жем өндіретін зауыт салынып жатыр. 2013 жылы осы жобаға бюджеттен 376 млн. теңге қаражат бөлініп, оны биылғы жылда іске қосу көзделіп отыр. Бұл Елбасымыздың Жолдауында қадап айтқан агроөнеркәсіп секторындағы жаңа өңдеу ошағына айналатынына сеніміміз мол.

Жолдаудың тағы бір маңызды бөлігі шағын және орта бизнесті қолдау болып табылады. Ең бастысы, біз экономиканың тұрақты өсуін, оны инновациялық жолға салуды сонымен байланыстырып отырмыз. Елбасы 2050 жылға қарай жалпы ішкі өнімнің кемінде 50 пайызы шағын және орта бизнеске тиесілі болады деп атап өтті, ал қазір оның үлесі 20 пайызды құрап отыр. Осындай үлкен жетістікке жету үшін Елбасымыз берген тапсырмаларға сәйкес ең алдымен: шағын бизнесті орта бизнеске айналдыра отырып, оның мамандануын дамытуымыз, жаңадан бастап келе жатқан бизнесмендерге әдістемелік көмек беруіміз, осы субъектілердің банкрот болуына нақты тетік енгізуіміз, бизнесті дамытуға кедергі келтіретін құқықтық нормаларды жоюымыз қажет.

Сонымен қатар, индустрияландырудың екінші бесжылдығы жоспарын «Бизнес-2020» Жол картасымен біріктіру маңызды іс-шаралардың алдыңғы қатарында орын алады.

*– Шағын және орта бизнес облысымызда қандай сипат алуда?*

– Президент: «осы сектордың оң үрдісін қарқынды дамытуымыз қажет, өйткені шағын және орта бизнес, бұл – біздің Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамының берік экономикалық негізі» деп атап өтті.

Ал бүгінгі күні республика бойынша 2,4 млн. қазақстандықты жұмыспен қамтитын нарықта жұмыс істеп отырған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 870 мыңнан сәл ғана асады, оның 44 мыңға жуығы Қызылорда облысында тіркелген, алайда белсенді әрекет ететіні облыс бойынша 60 пайызға да жетпейді. Экономиканың осы секторының шығарған өнім көлемі республика бойынша 9 трлн. теңгені құраса, Қызылорда облысында 250 млрд. теңгеге де жетпеген. Алайда, статистика деректері бойынша бұл аланда оң қозғалыс байқалып отырғанын да атап өту қажет, шығарған өнімнің көлемі де, жұмыспен қамтылғандардың саны да жыл сайын өсіп келе жатыр. Дегенмен, аталған көрсеткіштер осы бағытта әлде де алда істейтін көптеген жұмысымыз бар болғанын білдіреді.

*– Ал, депутаттар Парламент шеңберінде шағын және орта бизнесті көтеруге қандай үлестерін қосып жатыр?*

– Өз кезегінде депутаттар бизнес әрекет ететін құқықтық кеңістікті кәсіпкерлердің өнім шығаруына қолайлы болсын деп ыңғайлап, қолданыстағы заңнаманы жетілдіруге барынша күш салуда. Бүгін Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінде инновациялық кластерді дамытуға арналған заң жобалары қарастырылып жатыр. Олардың тез арада жарық көруі Президент өз Жолдауында атап өткен технологиялық парктер жұмысын жандандырумен, венчурлық қаржыландыруға жаңа серпін берумен байланысты, сондай-ақ осы заңдарды қабылдағанның арқасында зерттеулер мен инновацияларды қолдау және ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру жанданады деп үміттенеміз.

Осы арада жуырда Кәсіпкерлік кодексті жұмысқа алатынымызды айтып кеткен дұрыс сияқты. Бұдан басқа, депутаттар бастамашысы болған өңірлерді дамытуға және ондағы экономика ошақтарын ынталандыруға арналған заң жобасы қазіргі танда Парламент пен Үкімет қабырғаларында қызу талқылануда.

*– Жолдауда халық тұрмысының тағы қандай жақтары назарға алынған?*

– Елбасы әрдайым бұқара халықтың жағдайын жақсартуға ерекше көңіл бөледі. Ол: «XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар», – деп қадап айтты. Осы Жолдауында да әлеуметтік салада қызмет көрсетіп жүрген азаматтарға жалақы жағынан болсын, жұмыс шарттарын жақсарту жағынан болсын жақсы қызмет көрсетуге ынталандыру тетіктерін барынша кең қолдануды баса айтты. Алдағы жылдың 1 шілдесінен бастап білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау салаларындағы қызметшілерге еңбекақылары орташа 32 пайызға дейін көтерілетін болады.

Сондай-ақ, қоғамның мүмкіндіктері шектеулі азаматтарына өздерін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінуі үшін жан-жақты жәрдем беру тетіктері қарастырылып жатыр, ол – жұмысқа тұру жағынан болсын, жәрдемақы беру жағынан болсын барынша қолдау жасау. Осы ретте 2015 жылдың шілдесінен бастап мүгедектігіне және асыраушысынан айрылуына байланысты әлеуметтік жәрдемақы көлемін 25 пайызға арттыру жоспарланып отыр.

Білім-ғылым ізденіп жүрген азаматтарымыз да қолдаусыз қалмайды. Студенттеріміз 2016 жылдан бастап стипендия мөлшерінің 25 пайызға ұлғаюына куә болады. Жалпы, болашақта меңзеген мақсатымыз – ғылым саласының қаржыландырылуын ішкі жалпы өнімнің 3 пайызынан кем қылдырмау.

Осындай жетістіктерге қол жеткізе білуіміз үшін экономикамыз мықты болуы керек. Бюджетіміздің толығуы дер кезінде болып, жыл сайын ұлғая берсе ғана әлеуметтік саланы жан-жақты қолдауымыз мүмкін болады. Осы бағытта Мемлекет басшысының нақты тапсырмалары – инвестиция көлемін қазіргі 18 пайыздан бүкіл ішкі жалпы өнім көлемінің 30 пайызына дейін ұлғайту, шикізаттық емес өнімнің Қазақстан экспорт әлеуетіндегі бөлігін 70 пайызға дейін өсіру, ішкі жалпы өнімнің энергия тұтыну ауқымын 2 есеге азайту, ал еңбек өнімділігін 5 есеге, яғни қазіргі 24,5 мыңнан 126 мың АҚШ долларына дейін арттыру болып отыр.

Осы биік шыңдарға өрши білуіміз үшін ел бірлігі ауадай қажет. Кешегі Кеңес Одағында бірге өмір сүрген украиндықтардың халі бүгін өзіңізге баян. Әйтпесе, Одақта Ресейден кейін екінші мемлекет орнын иемденіп еді кезінде. Елбасымыз айтқандай: «Өзара алауыздық пен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген». Сондықтан, «жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, ынтымағымыз жарасып, еліміздің өсуіне, өркендеуіне бір адамдай кірісіп, ерінбей еңбек етуіміз қажет. Осы алға қойған мақсаттарымызға жетуіміз үшін «Мәңгілік ел» идеясын ұстануымыз керек.

*– Сұхбатыңызға рахмет!*

Сұхбаттасқан
**Д.БЕРКІНБАЕВ.**

## ДЕПУТАТ ТҰРҒЫНДАРМЕН ЖҮЗДЕСТІ

«Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының Елбасының «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауын қолдауға байланысты саяси кеңесінің кеңейтілген отырысы болып өтті. Маңызды басқосуға ауданға іс-сапармен келген ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Нұр Отан» фракциясының өкілі Құттықожа Ыдырысов қатысып, Елбасы Жолдауынан кең көлемде түсінік берді.

– Биылғы жылғы Жолдауда жеті басым бағыт бар. Елбасы оларды жүзеге асырудың сара жолдарын көрсетіп, Үкіметке 21 тапсырма берді. Біздің түп қазығымыз – ауыл. Ендеше Жолдауды жүзеге асыру ауылдан бастау алады. Кезінде «Сыбаға», «Дипломмен – ауылға» бағдарламаларын жетілдіруге өз ұсыныстарымызды берген едік, бұл бүгінгі танда өміршеңдігін көрсетіп отыр, – деген Мәжіліс депутаты аудан халқын берекелі бірлікке, шынайы тірлікке шақырды.

Саяси кеңес отырысында №126 орта мектеп директоры Л.Палымбетова, аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Ә.Мырзахметова, аудандық аурухана бас дәрігерінің орынбасары Ш.Зетов шығып сөйлеп, өздерін толғандырып жүрген сауалдарына тұшымды жауаптарын алды.

«Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы саяси кеңесі отырысынан соң ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Қ.Ыдырысов аудан тұрғындарын қабылдады. Кездесуге мүмкіндігі шектеулі жандарға қоғамдық қор құру, зейнетке шығу және адамдарды тұрақты жұмыстармен қамту мәселелері бойынша Б.Жантүгелов, Ж.Нарымбетов, Ә.Сүлейменов, И.Қалымбетова, Т.Сағындықов, Т.Телғозиев секілді аудан тұрғындары өз өтініштерімен келіп, мәжіліс депутаты тарапынан тиісті жауаптарын алды.

**Е.АҚҚАЛИҰЛЫ.**
Сырдария ауданы.

Жоба

**«Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесін құру туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі құрылсын.
2. Қоса берілген «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.
3. «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі осы қаулының ресми жариялануын қамтамасыз етсін.
4. «Қызылорда облысы әкімінің аппараты», «Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы», «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемелері осы қаулыдан туындайтын басқа да шараларды қабылдасын.
5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Н.Н.Годуноваға жүктелсін.
6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облысының әкімі Қ. Көшербаев**

*Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы «_» қаңтардағы №_ қаулысымен бекітілген*

**«Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы ереже**

1. Жалпы ережелер

1. «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Басқарма) аймақта мемлекеттік сатып алу саясатын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
2. Басқарманың құрылтайшысы Қызылорда облысының әкімдігі болып табылады.
3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
4. Басқарма мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.
5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.
6. Басқарманың егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.
7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.
8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.
9. Заңды тұлғаның тұрған жері: Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, 120001, Қызылорда қаласы, Иса Тоқтыбаев 2 тұйығы №1.
10. Мемлекеттік органның толық атауы – «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі.
11. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.
12. Басқарманың қызметін қаржыландыру облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.
13. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Басқарманың миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Басқарманың миссиясы: облыс аумағында мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу рәсімдерін орындау.
15. Негізгі міндеттері:
1) мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын қаржыны оңтайлы және тиімді жұмсауды;
2) Қазақстан Республикасының 21 шілде 2007 жылғы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін теңдей мүмкіндік беруді;
3) әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестікті;
4) мемлекеттік сатып алу процесінің жариялылығы мен ашықтықты;
5) отандық тауар өндірушілерге, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді берушілерге қолдау көрсету қағидаттарына негіздеуді қамтамасыз ету болып табылады.
16. Функциялары:
1) тиісті бюджеттің (бизнес-жоспардың, кірістер мен шығыстар сметасының) негізінде тапсырыс берушімен әзірленген және бекітілген мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары бойынша жұмыстар, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге қатысты конкурс, оның ішінде екі кезеңдік рәсімдер пайдаланыла отырып өткізілетін конкурс, баға ұсыныстарын сұрату, бір көзден алу, аукциондар және тауар биржалары арқылы заңнамамен белгіленген тәртіпте лоттарға бөле отырып мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады;
2) конкурс немесе аукцион тәсілдерімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасының талаптарын ескере отырып, электрондық мемлекеттік сатып алуды өткізу қағидаларында айқындалған электрондық нысаны негізінде қазақ және орыс тілдерінде конкурстық немесе аукциондық құжаттаманы әзірлейді және оны бекіту үшін тапсырыс берушінің бірінші басшысына ұсынады;
3) конкурс немесе аукцион тәсілдерімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру мәтінін мемлекеттік сатып алу веб-порталында жариялайды және бекітілген конкурстық немесе аукциондық құжаттаманы мүдделі тұлғаларға ұсынады. Қажет болған жағдайда конкурстық немесе аукциондық құжаттаманы алған әлеуетті өнім берушілерге конкурстық немесе аукциондық құжаттаманың ережелерін түсіндіреді;
4) заңнамада көзделген жағдайларда конкурс немесе аукцион тәсілдерімен электрондық мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді тиісті бюджет есебіне жатқызады немесе оны әлеуетті өнім берушіге қайтарады;
5) заңнамамен белгіленген тәртіпте сараптама комиссиясын құрады немесе сарапшыны айқындайды;
6) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының бірінші кезеңде техникалық ұсыныстарды табыс еткен әлеуетті өнім берушілерге екі кезеңді рәсімдерді пайдалана отырып, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың екінші кезеңіне қатысуға шақыру жібереді;
7) баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алудың қорытындысы бойынша жеңімпаз деп айқындалған әлеуетті өнім берушіге мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасын қол қоюға ұсынады;
8) бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушіге мемлекеттік сатып алуға қатысуға жазбаша шақыру жібереді;
9) заңнамамен белгіленген тәртіпте тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады;
10) Қазақстан Республикасының 21 шілде 2007 жылғы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 6-бабы талаптарының бұзылуына жол берген, сол сияқты біліктілік талаптары бойынша дәйексіз ақпарат табыс еткен әлеуетті өнім берушілерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы сотқа талап арыз келтіреді;
11) басқарма жұмысының сапасы мен өнімділігін арттыру мақсатында оның қызметінің бағыттары бойынша ішкі бақылауды жүзеге асырады;
12) құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қолданады;
13) азаматтардың құқықтық тәрбиесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
14) «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.
17. Құқықтары:
1) Басқарма өзіне жүктелген міндеттерді және өзінің функцияларын жүзеге асыру барысында заңнамада бекітілген тәртіппен:
мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан заңнамамен бекітілген тәртіппен қажетті ақпараттар мен материалдарды сұрауға және алуға;
құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар өткізуге;
қолданыстағы заңнамалық актілерде қарастырылған өзге де құқықтарды атқаруға құқылы.
2) Басқарма:
заңды және негізделген шешімдер қабылдауға;
қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге;
қолданыстағы заңнамалық актілерде қарастырылған өзге де өкілеттіктерді атқаруға міндетті.

3.Басқарманың қызметін ұйымдастыру

18. Басқармаға басшылықты Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.
19. Басқарманың бірінші басшысын облыс әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.
20. Басқарманың бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасарлары болады.
21. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттігі:
1) өз қызметін жүзеге асыру кезінде облыс әкімі мен жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасарына есеп береді;
2) барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда басқарманы білдіреді;
3) заңнамаға сәйкес еңбек қатынастары мәселелері оның құзыретіне жатқызылған басқарманың қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;
4) стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді;
5) заңнамамен белгіленген тәртіппен басқарманың қызметкерлеріне тәртіптік жазалар қолданады және көтермелеу шараларын қабылдайды, өзінің құзыретіне жатқызылған еңбек қатынастары мәселелерін шешеді;
6) бұйрықтарға қол қояды;
7) басқарма атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
8) шарттар жасасады;
9) сенімхаттар береді;
10) өз қызметін ұйымдастыру және оның ішкі тәртібі мәселелері бойынша регламент қабылдайды;
11) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмысты дербес жауапты болады;
12) басқарманың жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;
13) облыс әкімдігі мен әкімінің актілері мен тапсырмаларын орындайды;
14) басқарманың құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;
15) өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуді ұйымдастырады;
16) қызметтік этика нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді;
17) гендерлік теңдік саясатын жүзеге асырады;
18) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесін бекітеді;
19) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Ережемен және облыс әкімдігі мен облыс әкімінің және оның орынбасарларымен, облыс әкімінің аппаратымен жүктелген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

22. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.
23. Басқарманың жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.
24. Басқарманың әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және Мемлекеттік қызмет туралы заңына сәйкес айқындалады.

4. Басқарманың мүлкі

25. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ, өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

26. Басқармаға бекітілген мүлік облыстық коммуналдық меншікке жатады.
27. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату

28. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарма таратылған жағдайда оның мүлкін пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

КазТрансОйл
Шығыс филиал

**ХАЛЫҚТЫҢ, КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ, ҰЙЫМДАРДЫҢ, ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА**

**ЕСКЕРТУ**

**«ҚазТрансОйл» АҚ Шығыс филиалы Қызылорда облысының аумағында «Құмкөл-Қарақойын» магистральды мұнай құбырлары, ТОБЖ байланыс желілері салынғанын, олар километрлі бағандармен және ескерту белгілерімен белгіленгенін ескертеді.**

**ҚР «Магистральды құбыр жолдары туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету Ережелеріне сәйкес келесі күзету аймақтары белгіленеді: 1)** магистральды мұнай құбырларының трассалары бойында – әр жағынан құбыр осінен елу метрде өтетін шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі ретінде; ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерде магистральды мұнай құбырының күзетілетін аймағы әр жағынан құбыр осінен жиырма бес метрде өтетін шартты сызықтармен шектеледі; **2)** бір техникалық дәлізде салынған көп жікті құбырлардың трассалары бойында – шеткі құбырлардың осьтерінен 1) тармақшамен қарастырылған қашықтықтарда шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі ретінде; **3)** суасты өтпелерінің бойында – әр жағынан өтпелердің шеткі жіктерінің осьтерінен жүз метрде тұрған қатарлас жазықтық арасында жасасылған су беткейінен түбіне дейінгі су кеңістігінің жер учаскесі ретінде; **4)** өнімді апаттық шығаруға арналған жер қоймаларының айналасында – көрсетілген объектілер аймағының шекараларынан барлық жаққа елу метрде тұрған тұйық сызықпен шектелген жер учаскесі ретінде; **5)** бас және аралық айдау және құю сорaптық стансалары, сұйыққойма парктері, өнімдерді өлшеу тораптары, құю-төгу эстакадалары, мұнай, мұнай өнімдерін қыздыру пункттері айналасында – көрсетілген объектілер аймағының шекараларынан жүз метрде тұрған тұйық сызықпен шектелген жер учаскесі ретінде; **6)** орманы жоқ учаскелерде тұрғындар тұратын пункттерден тыс орналасқан байланыс және радиофикацияның жер асты кабельді және әуе желілері – жер асты кабелінің трассасынан немесе әр жағынан екі метрден кем емес қашықтықта әуе желілерінің шеткі сымдарынан тұратын параллель тура желілерді анықтайтын осы желілер бойындағы жер учаскесі ретінде.

***ҚР-ның «Магистральды құбыр жолдары» ҚНжЕ 3.05-01.2010-ға сәйкес 30 метрден 150 метрге дейін қауіпсіздік аймақтары белгіленеді. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында құрылыс нормалары мен ережелерімен белгіленген ең аз қашықтық шегінде магистральды құбырға жатпайтын кез-келген объектілердің құрылысына жол берілмейді.***

**ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**

**Құбырлардың күзетілетін аймақтарында құбырлардың қалыпты пайдаланылуына немесе олардың бұзылуына әсер ететін түрлі әрекеттерді жасауға тыйым салынады, соның ішінде:** • тану белгілерін, бақылау-өлшеу пункттерін ауыстыруға, үюге және сындыруға; • кабель желілерінің қызмет көрсетпейтін қақпақтарды, қақпаларды және есіктерді, желілік арматураның торап қоршауларын, катодты және дренажды қорғау қондырғыларын, желілік және қарау құдықтары мен басқа желілік құрылғыларды ашуға, крандар мен ысырмаларды ашып, жабуға, байланыс, энергиямен қамтамасыз ету және құбыр телемеханикасы құралдарын қосуға немесе өшіруге; • түрлі қоқыс орындарын жасауға, қышқылдар, тұздар мен сілтілердің ерітінділерін төгуге; • жаға бекіту имараттарын, су өткізу құрылғыларын, құбырларды, байланыс желілерін бұзудан, ал жақын аумақ пен айналадағы жерді апаттық құйылу мен тасымалданатын өнімнен қорғайтын жер және өзге имараттарды (құрылғыларды) бұзуға; • зәкірлерді суға тастауға, суға тасталған зәкірлермен, тізбектермен, сүйретпелермен және тралдармен өтуге, тереңдетіп қазу мен жерге батыру жұмыстарын жүргізуге; • от жағуға немесе қандайда бір ашық немесе жабық от көздерін орналастыруға.

**Магистральды мұнай құбырларының күзетілетін аймақтарында «ҚазТрансОйл» АҚ Шығыс филиалы құрылымдық бөлімшелерінің жазбаша рұқсатынсыз:** • «ҚазТрансОйл» АҚ Шығыс филиалымен олардың орналасу жерін, құрылыс, жайластыру және пайдалану тәртібін келіспей магистральды құбырдың және оның күзетілетін аймағы трассасының өткелдерін, топырақ жолдарын немесе өзге уақытша немесе тұрақты көлік қиылыстарын орналастыруға; • бақ өсіруге және ағаш өсіруге, сонымен қатар жыртылатын тереңдігі отыз бес сантиметрден аспайтын қыр ауыл шаруашылық дақылдарды өсіруге бағытталған агротехникалық жұмыстардан басқа, «ҚазТрансОйл» АҚ Шығыс филиалымен келісілмеген қандай да бір жұмыстарды орындауға; • магистральды құбырларға қызмет көрсетуге және оның физикалық қорғанысын қамтамасыз етуге арналған «ҚазТрансОйл» АҚ Шығыс филиалымен орналастырылған жолдарды қалпына келтіруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген жағдайлардан басқа осы жолдар бойынша магистральды құбырларда өртке қарсы және күзет қызметтерін орындайтын қызметкерлердің қозғалысына кедергі жасауға; • кез-келген құрылыстар мен имараттарды салуға; • автомобиль көлік құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақтарын ұйымдастыруға; • мелиоративті жер жұмыстарын жүргізуге, жер суаратын және құрғататын жүйелерді салуға; • «ҚазТрансОйл» АҚ Шығыс филиалымен келіспей тау, құрылыс, жинақтау және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, топырақты тегістеуге; • ұңғымалардың, шурфтардың құрылғыларымен және топырақ (жер қыртысының үлгілерінен басқа) сынамаларын алумен байланысты геологиялық түсіру, геологиялық барлау, іздеу, геодезикалық және басқа іздестіру жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады.

**Магистральды құбырлардың күзет аймақтарында кез-келген жұмыстар мен әрекеттерді орындау қажет болған жағдайда, Кәсіпорындар, Ұйымдар және Азаматтар:**
• «ҚазТрансОйл» АҚ Шығыс филиалы құрылымдық бөлімшелерінен «Магистральды құбырлардың күзетілетін аймақтарында жұмыстар жүргізуге» жазбаша рұқсат алуға міндетті. Жұмыстар жүргізуге рұқсат жұмыстарды жүргізушіде жұмыс істеп тұрған құбырлар көрсетілген жобалау құжаттама бар болған жағдайда ғана берілуі мүмкін.
• кем дегенде 5 тәулік бұрын «ҚазТрансОйл» АҚ Шығыс филиалы құрылымдық бөлімшесінің өкілін жұмыстарды жүргізу орнына шақыруға; • құбырлардың және тану белгілерінің сақталуын қамтамасыз ететін ережелерді сақтап, жұмыстарды орындауға міндетті.

«ҚазТрансОйл» АҚ Шығыс филиалының құрылымдық бөлімшелері **ҚР-ның «Магистральды құбыр жолдары туралы» Заңын, Қазақстан Республикасы экологиялық кодексін, Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету ережелерін және ҚР-ның «Магистральды құбыр жолдары» ҚНжЕ 3.05-01.2010-ды**, сондай-ақ «Күзетілетін аймақта жұмыстарды жүргізуге арналған рұқсатта» көрсетілген талаптар бұзылып, орындалған жұмыстарды тоқтатып қоюға құқылы.

**ҚР-ның «Магистральды құбыр жолдары туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету ережелері және ҚР-ның «Магистральды құбыр жолдары» ҚНжЕ 3.05-01.2010** жергілікті үкімет және басқарма органдарымен, сондай-ақ басқа да кәсіпорындармен, ұйымдармен (жеке меншік түрлеріне қатысты емес) және құбырлар өтетін аумақта жұмыстар немесе қандайда бір әрекеттер жүргізетін азаматтармен орындау үшін міндетті болып табылады. **Айтылған Заң, Кодекс пен ҚР ҚНжЕ** ережелерінің талаптарын бұзушылықтарға кінәлі лауазымды тұлғалар мен азаматтар белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тартылады.

**Жоғарыда айтылған барлық мәселелер бойынша мына мекенжайға хабарласу қажет: «ҚазТрансОйл» АҚ Шығыс филиалы Жезқазған мұнай құбыры басқармасы, 100600, Жезқазған қ., Ескі әуежай ауд., тел. 8 (7182) 73-22-20 – Павлодар қ., № 2 техникалық учаскесінің ОДП диспетчері; 8 (7102) 925-255 –Б. Жұмағалиев атындағы БМАС ауысымының бастығы; тел. 8 (7102) 925-241, факс 8 (7102) 925-242 – Жезқазған МҚБ бастығының қабылдау бөлмесі.**

КазТрансОйл
Шығыс филиал

**ХАЛЫҚТЫҢ, КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ, ҰЙЫМДАРДЫҢ, ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА**

**ЕСКЕРТУ**

**«ҚазТрансОйл» АҚ Шығыс филиалы Қызылорда облысының аумағында «Кеңқияқ-Құмкөл» магистральды мұнай құбырлары, ТОБЖ байланыс желілері салынғанын, олар километрлі бағандармен және ескерту белгілерімен белгіленгенін ескертеді.**

**ҚР «Магистральды құбыр жолдары туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету Ережелеріне сәйкес келесі күзету аймақтары белгіленеді: 1)** магистральды мұнай құбырларының трассалары бойында – әр жағынан құбыр осінен елу метрде өтетін шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі ретінде; ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерде магистральды мұнай құбырының күзетілетін аймағы әр жағынан құбыр осінен жиырма бес метрде өтетін шартты сызықтармен шектеледі; **2)** бір техникалық дәлізде салынған көп жікті құбырлардың трассалары бойында – шеткі құбырлардың осьтерінен 1) тармақшамен қарастырылған қашықтықтарда шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі ретінде; **3)** суасты өтпелерінің бойында – әр жағынан өтпелердің шеткі жіктерінің осьтерінен жүз метрде тұрған қатарлас жазықтық арасында жасасылған су беткейінен түбіне дейінгі су кеңістігінің жер учаскесі ретінде; **4)** өнімді апаттық шығаруға арналған жер қоймаларының айналасында – көрсетілген объектілер аймағының шекараларынан барлық жаққа елу метрде тұрған тұйық сызықпен шектелген жер учаскесі ретінде; **5)** бас және аралық айдау және құю сорaптық стансалары, сұйыққойма парктері, өнімдерді өлшеу тораптары, құю-төгу эстакадалары, мұнай, мұнай өнімдерін қыздыру пункттері айналасында – көрсетілген объектілер аймағының шекараларынан жүз метрде тұрған тұйық сызықпен шектелген жер учаскесі ретінде; **6)** орманы жоқ учаскелерде тұрғындар тұратын пункттерден тыс орналасқан байланыс және радиофикацияның жер асты кабельді және әуе желілері – жер асты кабелінің трассасынан немесе әр жағынан екі метрден кем емес қашықтықта әуе желілерінің шеткі сымдарынан тұратын параллель тура желілерді анықтайтын осы желілер бойындағы жер учаскесі ретінде.

***ҚР-ның «Магистральды құбыр жолдары» ҚНжЕ 3.05-01.2010-ға сәйкес 30 метрден 150 метрге дейін қауіпсіздік аймақтары белгіленеді. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында құрылыс нормалары мен ережелерімен белгіленген ең аз қашықтық шегінде магистральды құбырға жатпайтын кез-келген объектілердің құрылысына жол берілмейді.***

**ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**

**Құбырлардың күзетілетін аймақтарында құбырлардың қалыпты пайдаланылуына немесе олардың бұзылуына әсер ететін түрлі әрекеттерді жасауға тыйым салынады, соның ішінде:** • тану белгілерін, бақылау-өлшеу пункттерін ауыстыруға, үюге және сындыруға; • кабель желілерінің қызмет көрсетпейтін қақпақтарды, қақпаларды және есіктерді, желілік арматураның торап қоршауларын, катодты және дренажды қорғау қондырғыларын, желілік және қарау құдықтары мен басқа желілік құрылғыларды ашуға, крандар мен ысырмаларды ашып, жабуға, байланыс, энергиямен қамтамасыз ету және құбыр телемеханикасы құралдарын қосуға немесе өшіруге; • түрлі қоқыс орындарын жасауға, қышқылдар, тұздар мен сілтілердің ерітінділерін төгуге; • жаға бекіту имараттарын, су өткізу құрылғыларын, құбырларды, байланыс желілерін бұзудан, ал жақын аумақ пен айналадағы жерді апаттық құйылу мен тасымалданатын өнімнен қорғайтын жер және өзге имараттарды (құрылғыларды) бұзуға; • зәкірлерді суға тастауға, суға тасталған зәкірлермен, тізбектермен, сүйретпелермен және тралдармен өтуге, тереңдетіп қазу мен жерге батыру жұмыстарын жүргізуге; • от жағуға немесе қандайда бір ашық немесе жабық от көздерін орналастыруға.

**Магистральды мұнай құбырларының күзетілетін аймақтарында «ҚазТрансОйл» АҚ Шығыс филиалы құрылымдық бөлімшелерінің жазбаша рұқсатынсыз:** • «ҚазТрансОйл» АҚ Шығыс филиалымен олардың орналасу жерін, құрылыс, жайластыру және пайдалану тәртібін келіспей магистральды құбырдың және оның күзетілетін аймағы трассасының өткелдерін, топырақ жолдарын немесе өзге уақытша немесе тұрақты көлік қиылыстарын орналастыруға; • бақ өсіруге және ағаш өсіруге, сонымен қатар жыртылатын тереңдігі отыз бес сантиметрден аспайтын қыр ауыл шаруашылық дақылдарды өсіруге бағытталған агротехникалық жұмыстардан басқа, «ҚазТрансОйл» АҚ Шығыс филиалымен келісілмеген қандай да бір жұмыстарды орындауға; • магистральды құбырларға қызмет көрсетуге және оның физикалық қорғанысын қамтамасыз етуге арналған «ҚазТрансОйл» АҚ Шығыс филиалымен орналастырылған жолдарды қалпына келтіруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген жағдайлардан басқа осы жолдар бойынша магистральды құбырларда өртке қарсы және күзет қызметтерін орындайтын қызметкерлердің қозғалысына кедергі жасауға; • кез-келген құрылыстар мен имараттарды салуға; • автомобиль көлік құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақтарын ұйымдастыруға; • мелиоративті жер жұмыстарын жүргізуге, жер суаратын және құрғататын жүйелерді салуға; • «ҚазТрансОйл» АҚ Шығыс филиалымен келіспей тау, құрылыс, жинақтау және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, топырақты тегістеуге; • ұңғымалардың, шурфтардың құрылғыларымен және топырақ (жер қыртысының үлгілерінен басқа) сынамаларын алумен байланысты геологиялық түсіру, геологиялық барлау, іздеу, геодезикалық және басқа іздестіру жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады.

**Магистральды құбырлардың күзет аймақтарында кез-келген жұмыстар мен әрекеттерді орындау қажет болған жағдайда, Кәсіпорындар, Ұйымдар және Азаматтар:** • «ҚазТрансОйл» АҚ Шығыс филиалы құрылымдық бөлімшелерінен «Магистральды құбырлардың күзетілетін аймақтарында жұмыстар жүргізуге» жазбаша рұқсат алуға міндетті. Жұмыстар жүргізуге рұқсат жұмыстарды жүргізушіде жұмыс істеп тұрған құбырлар көрсетілген жобалау құжаттама бар болған жағдайда ғана берілуі мүмкін. • кем дегенде 5 тәулік бұрын «ҚазТрансОйл» АҚ Шығыс филиалы құрылымдық бөлімшесінің өкілін жұмыстарды жүргізу орнына шақыруға; • құбырлардың және тану белгілерінің сақталуын қамтамасыз ететін ережелерді сақтап, жұмыстарды орындауға міндетті.

«ҚазТрансОйл» АҚ Шығыс филиалының құрылымдық бөлімшелері **ҚР-ның «Магистральды құбыр жолдары туралы» Заңын, Қазақстан Республикасы экологиялық кодексін, Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету ережелерін және ҚР-ның «Магистральды құбыр жолдары» ҚНжЕ 3.05-01.2010-ды**, сондай-ақ «Күзетілетін аймақта жұмыстарды жүргізуге арналған рұқсатта» көрсетілген талаптар бұзылып, орындалған жұмыстарды тоқтатып қоюға құқылы.

**ҚР-ның «Магистральды құбыр жолдары туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету ережелері және ҚР-ның «Магистральды құбыр жолдары» ҚНжЕ 3.05-01.2010** жергілікті үкімет және басқарма органдарымен, сондай-ақ басқа да кәсіпорындармен, ұйымдармен (жеке меншік түрлеріне қатысты емес) және құбырлар өтетін аумақта жұмыстар немесе қандайда бір әрекеттер жүргізетін азаматтармен орындау үшін міндетті болып табылады. **Айтылған Заң, Кодекс пен ҚР ҚНжЕ** ережелерінің талаптарын бұзушылықтарға кінәлі лауазымды тұлғалар мен азаматтар белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тартылады.

**Жоғарыда айтылған барлық мәселелер бойынша мына мекенжайға хабарласу қажет:**
**«ҚазТрансОйл» АҚ Шығыс филиалы Жезқазған мұнай құбыры басқармасы, 100600, Жезқазған қ., Ескі әуежай ауд., тел. 8 (7182) 73-22-20 – Павлодар қ., № 2 техникалық учаскесінің ОДП диспетчері; 8 (7102) 925-255 – «Құмкөл» БМАС ауысымының бастығы-кезекші; тел. 8 (7102) 925-241, факс 8 (7102) 925-242 – Жезқазған МҚБ бастығының қабылдау бөлмесі.**

●ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДА-2014

# НОРВЕГИЯЛЫҚТАР ТОП БАСТАП КЕЛЕДІ

**Ресейдің Сочи қаласында өткізіліп жатқан қысқы Олимпиада ойындарының кеше бесінші жарыс күні мәресіне жетті. Бүгінгі күнге дейін қаншама медальдар сарапқа салынып үлгерді.**

Соңғы деректер бойынша жалпыкомандалық есепте медаль алу жөнінен Норвегия спортшылары көш бастап келеді. Қазіргі таңда олардың үлесінде барлығы 11 жүлде бар. Оның 4-і алтын, 3-і күміс, 4-і қола. Екінші орында канадалықтар келеді, олардың қоржынына 9 медаль (4-3-2) түскен. Үздік үштікті Германия құрамасы 5 жүлдемен (4-1-0) қорытындылап тұр. Ал дүбірлі дода өтіп жатқан Ресей елінің спортшылары барлығы 7 медаль еншілегенімен, жетінші орыннан әріге аса алмай тұрған жайы бар. Өйткені, орыс спортшылары қазірге дейін баржоғы 1 ғана алтын алса, 3 күміс, 3 қолаға қол жеткізді. Өкінішке орай, айтулы аламанға 60-қа жуық жастарды үкілеп қосқан біздің еліміздің құрамасы әлі бірде-бір жүлде ала алған жоқ.

Жарыстың алғашқы күнінде, 8 ақпанда скиатлоннан 15 шақырымға жарыс жолына шыққан Елена Коломина мәре сызығын 40-шы, оның әріптесі Анастасия Слонова 41-ші болып қиса, тағы бір қазақстандық Татьяна Осипова 57-ші орыннан көрінді. Конькимен жарысуда Дмитрий Бабенко да бабында болмады, ол 5000 метр қашықтыққа сайыста 15-ші орынға әрең қол жеткізді. Сол күні биатлонның спринт түрінен біздің елімізден 4 спортшы қатысқан еді. Алайда, олардың барлығы да алдыңғы лектен көріне алған жоқ. Қазақстандықтар қатарынан Ян Савицкий – 43, Сергей Наумик – 59, Антон Пантов – 80, Диас Кенешев 87-орында болды. Ал тұғырдан секіруде Алексей Пчелинцевке – 46, Марат Жапаровқа 49-орын бұйырды. Фристайл түрінен Дарья Рыбалова мен Юлия Галышеваның көрсеткіштері жүлдеге қол жеткізуден алыс қонды. Келесі жарыс күнінде сайысқа түскен шорт-трек түрінен спортшылар – Айдар Бекжанов пен Денис Никиша 1500 метр қашықтықта бақ сынағанымен, олардың көрсеткіштері көңіл демдерліктей бола қойған жоқ. Осы жарыста 500 метрге бәсекеге түскен Инна Симонова да өз жанкүйерлерін қуанта алмады. Конькимен жарыста Роман Креч те жанкүйерлер үмітін ақтамады. Жарыстың келесі күнінде биатлоннан Я.Савицкий, С.Наумик, шана спортынан Елизавета Аксенова, фристайлдың могул түрінен Дмитрий Рейхерд, Павел Колмаков, Дмитрий Бармашов үздіктер қатарында қол созым жақын келіп, орынға орныға алмады.



Қысқы Олимпиада ойындары енді он күннен кейін мәресіне жетеді.

**Ә.ТҰРСЫНБЕКҰЛЫ.**

●БРИФИНГ

**Облыс орталығындағы жетімдер үйінің тәрбиеленушілері мен мектеп бітіруші түлектері арасында «Кәсіпқор» Холдингі» коммерциялық емес акционерлік қоғамының өкілдері брифинг өткізді. Оның мақсаты – холдинг қызметімен таныстыру және Атырау қаласындағы мұнай-газ саласындағы мамандарды дайындау және қайта дайындау өңіраралық орталығы «APEC Petrotechnic»-тің болашақ ықтимал талапкерлермен кәсіптік бейімдеу жұмыстарын жүргізу.**



# БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢАШЫЛ ЖҮЙЕСІ

Брифинг барысында өңіраралық орталыққа түсу тәртібі мен ережелері, оқу шарттары мен оның артықшылықтары жайлы ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Мұндағы бір ерекшелік – мектеп бітірушілер математика мен ағылшын тілінен тест тапсырып, іріктеудің бірінші турынан өту мүмкіндігіне ие болады. Одан сәтті өткен оқушылар Атырау қаласындағы «APEC Petrotechnic» колледжінде канадалық нұсқаушылар өткізетін тестілеудің екінші турына автоматты түрде өтеді.

Екінші тур Атырау қаласында биылғы 7-28 шілде аралығында өтеді. Онда талапкерлер математика, физика, химия және ағылшын тілі пәндерінен емтихан тапсырады. Ал оқуға қабылданған талапкерлер тікелей қатаң іріктеуден өткен және жоғары білікті шетелдік оқытушылардан білім алу мүмкіндігіне ие болады.

Қазіргі таңда әлемдік деңгейдегі колледж санатындағы «APEC Petrotechnic» акционерлік қоғамының алғашқы жобасы саналады. Мұнда холдингтің стратегиялық әріптесі әрі мұнай-газ саласында кадрлар дайындаудағы әлемдік лидер Оңтүстік Альберта (Канада) институты – SAIT Polytechnic-тің жоғары білікті оқытушылары дәріс оқиды.

Аталған оқу орнына түскісі келетін талапкерлер 11 сынып және басқа колледждер мен жоғары оқу орнын бітірушілер болуы мүмкін. Оқу процесінде студенттер ағылшын тілін және мұнай-газ ісінің негіздерін тереңдеп оқып, білетін Foundation бағдарламасын өтеді. Бұл бағдарламаны сәтті аяқтаған жағдайда студент қалаған мамандығы бойынша оқуын жалғастырады.

Біздің анықтама: «Кәсіпқор» Холдинг» коммерциялық емес акционерлік қоғамы ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 7 шілдедегі қаулысымен құрылған. Толығырақ ақпаратты «Кәсіпқор» Холдингі» КЕАҚ www.Kasipkor.kz. сайтынан ала аласыздар.

**Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.**

# ФУТБОЛ ТӨРЕШІЛЕРІН ДАЙЫНДАУҒА МӘН БЕРІЛУДЕ

**Сыр өңірінің төрт төрешісі еліміздің белді футбол арбитрларымен бірге Түркияда өтетін оқу-жаттығу жиынына қатысып, біліктіліктерін шыңдап қайтады. Тағы жетеуі өз тәжірибесін еліміздің өзге өңірлерінде өтетін жиындарда арттырады.**



Облыстық футбол федерациясы өткізген «дөңгелек үстелде» осы жағымды жаңалық айтылып, бұл бағытта атқарылатын жұмыс барысы сарапқа салынды. Облыстық футбол федерациясының вице-президенті Асқар Серековтің айтуынша, жаңа футбол маусымы жақындап қалғандықтан, аймақтың төрешілері деңгейін арттыруға мән беріліп отыр.

Федерацияның төрешілік-нұсқаушылық комитетінің төрағасы Акмал Холматов аймақтағы арбитрлардың мәселесімен таныстырып, шалғай аудандарда білікті төрешілердің жетіспей отырғанын жеткізді. Оны шешудің жолы ретінде спорт-интернаттарына шалғай ауылдардан жеткіншектерді іріктеп, оларды кішкентайынан төрешілікке баулу керектігіне тоқталды. Оның айтуынша, Сыр өңірінде қыздар төрешілері мүлдем жетіспейді.

Бүгінде Халықаралық дәрежедегі ФИФА ассистенті Серік Жаппасбаев Қызылорда қаласындағы «Жас арбитрлар мектебінде» 18 төреші тәлім алатынына тоқталды. Әлі де іріктеу өткізілуде. Айта кетейік, сол 18 төрешінің 11-і Қазақстан футбол федерациясының ұйымдастыруымен өтетін маусым алдындағы әркелкі жиындарға қатысуға мүмкіндік алды.

**Әділ ТАЛАП.**



# КҮМІС КӨМЕЙ КҮНСҰЛУ

Шынашақтай кезінен домбыра шанағы мен көмей үнін үйлестірген Күнсұлу Түрікпен есімі бүгінде барша жұртқа танымал болып үлгерді. Сүлейлердің алтын сынығы Алмас Алматовтан дәріс алып дәстүрлі әншілік пен жыршылық әлеміне келген Күнсұлу бүгінде «Көрғұлы», «Алпамыс», «Қызжібек» эпостық жырларын таңға талмай жатқа айтатын сирек талант иесі.

15 ақпан күні, сағат 15.00-де халықаралық, республикалық байқаулардың бірнеше дүркін жеңімпазы К.Түрікпен Қызылорда қаласындағы «Болашақ» университетінде жеке концертін өткізбек. Осы бағдарламаға «Қорқыт құрамасы», Жанат Ермағанбетова, «АрҚаз» тобы сияқты танымал өнерпаздар да қатысады.

Жыр бұлағынан сусындаңыздар, сырбойылықтар.

**Р.ДҮЙСЕНҰЛЫ.**

# «БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ – 2020» БАҒДАРЛАМАСЫ ӨЗ ТИІМДІЛІГІН КӨРСЕТУДЕ

Қазақстанда шағын және орта бизнесті дамуды қолдау Үдемелі индустриалды инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Бұл бағытта Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі №301 қаулысымен бекітілген «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы қабылданып, өңірімізде бірқатар бағыттарда жүзеге асырылып, облыс кәсіпкерлеріне бірнеше бағытта мемлекеттік қолдау шаралары көрсетілуде. Атап айтқанда:

-пайыздық мөлшерлемені субсидиялау, несиені ішінара кепілдендіру, өндірістік инфрақұрылымды дамыту, валюталық несиелері бар кәсіпорындарды қолдау, кәсіпкерлік әлеуетті күшейту және жобаларды ұйымдастыру және іске асыру үшін мемлекеттік гранттар ұсыну.

Аталған бағдарламаның тиімділігіне келетін болсақ.

*Несие бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау* бойынша 2010-2012 жылдары 94 жоба субсидияланған болса, тек қана 2013 жылы 83 жоба аймақтық үйлестіру кеңесінің шешімімен мақұлданды.

Аталған бағдарламаның шеңберінде, 2010 жылы құрылып, тігін өндірісімен айналысып келе жатқан «Саңыраулар оқу-өндірістік кәсіпорын» ЖШС-ның негізгі құралдар алуға бағытталған несиесі субсидияланды. Алынған несие қаражатына кәсіпорын тігін өндірісіне қажетті тігін машиналарын, негізгі құралдар алуға бағыттап және жаңа 11 жұмыс орнын ашты.

Сондай-ақ, *несиені ішінара кепілдендіру бағыты бойынша* 2010-2012 жылдары 6 жоба ішінара кепілдендірілсе, 2013 жылдың қорытындысы бойынша 17 жоба Аймақтық үйлестіру кеңесімен қолдау тауып өз жұмыстарын бастап кетті.

Берері мол бағдарламаның іске асырылуы облыс экономикасына және кәсіпкерлік әлеуеттің дамуына айтарлықтай өз септігін тигізіп келеді. Атап айтсақ, биылғы жылдан бастап бағдарламаға өзгерістер енгізіліп, ісін жаңа бастаған жеке *кәсіпкерлік субъектілеріне нысаналы гранттар тағайындалып*, бірегейлігімен және жаңалығымен ерекшеленетін жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін өтеусіз және қайтарымсыз негізде 3 000 000 теңгеге дейін грант қаражаты берілуде. Аталған бағыт бойынша 2013 жылы 14 жоба аймақтық үйлестіру кеңесімен мақұлданды және бірінші болып Қызылорда облысында бағдарлама шапағатын көрген келесі жобалар болып табылады:

Өндіріс саласы бойынша, «Қызылорда қаласында полистирольді пенопласт бұйымдарын шығаратын өндіріс ұйымдастыру» жобасы. Сондай-ақ, «Пенополиуретан құю өндірісін ұйымдастыру» жобасы.

Қоршаған ортаны сақтау мақсатында, жобаланған «Құрамында сынабы бар улы-энергия үнемдеуші шамдарды жинау және залалсыздандыру» жобасы.

Аталған жобалардың барлығы Қызылорда қаласының өнеркәсіптік алаңындағы бизнес-инкубаторда орналасқан.

Сондай-ақ, бағдарлама шеңберіндегі тағы бір өзгеріс, «Старт-ап» жобалар компоненті, кәсіпкерлер мүлкін екінші деңгейлі банкілерге кепілге қоймай, тек қана 36 пайыз көлемінде өз қаражатын кепілге қойып (*собственное участие*), қалған 66 пайызы мемлекет тарапынан ішінара кепілдендіріледі. Несие 20,0 млн. теңгеге дейін беріледі. Бұл өз кезегінде ісін жаңадан бастаған кәсіпкерлерге тиімді болып табылады.

*Өндірістік инфрақұрылымды дамыту бағыты* бойынша 2013 жылы облысымызда индустриалды аймақ және өнеркәсіптік алаң ұйымдастырылып, сонымен қатар жалпы сомасы 870,3 млн. теңгені құрайтын 4 жобаның, өндіріске қажетті инфрақұрылым жүйелері бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілді.

*Сыртқы нарыққа өнімін шығарушы кәсіпорындардың валюталық несиелері* бар кәсіпкерлерді қолдау бойынша аймақтық үйлестіру кеңесімен 1 жоба мақұлданып, жүзеге асырылуда. Атап айтсақ, «Қуат» ЖШС-ның негізгі құралдар алу жобасы болып табылады.

Қызылорда қаласында және аудандарда «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасының кәсіпкерлерді қолдау құралдарын түсіндіру бойынша семинар-тренингтер өткізіліп, 97 рет презентация жасалды.

«Бизнес кеңесші» жобасы аясында 881 тыңдаушы қатысқан 25 тренинг өткізіліп, 7 рет «Ашық есік» күндері ұйымдастырылды. Сонымен қатар, аудандық елді мекендерге бағдарлама шарттарын насихаттау, түсіндірме жұмыстарын өткізу мақсатында кәсіпкерлікті қолдау орталығының мобильді тобы 42 рет сапарға шығып, 557 кәсіпкерге кеңес берілді. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы арқылы жалпы 999 кәсіпкерлмен жеке тұлға кеңес алды.

Бағдарламаның іске асырылу нәтижесінде 2013 жылдың ІІ тоқсандағы жағдайы бойынша ашылған жұмыс орындарына тартылғандар саны 1408 адамды құрап, бюджетке түскен салықтар 2010 жылы – 1,435 млрд. теңге, 2011 жылы 1,563 млрд. теңге, 2012 жылы 1,655 млрд. теңгені құрады.



# АҚСҰҢҚАРДАЙ ЖАНЫ БАР

Айсауытов Әбжан ағам сонау 1954 жылдан таныс, қадыр тұтқан ұстазым. Қармақшыда ақырын жүріп анық басқан, ұстаздық етуден жалықпаған мұғалім екеу болса – бірі, жалғыз болса – соның өзі.

Сабақты түсіндірудегі логикалық ойы, тиянақты тілі, оқушыдан сабақ сұрағанда: «көп сөзді қайтесің, негізгі түйінін айтсайшы» - деп тұратын талабы мен өзін тыңдата, сыйлата білетін болмысы оқушының жүрегінен жылы орын алған.

Мектеп қабырғасында мұғалім болып қызмет істегеннің бәрі бірдей ұстаз емес, оның сыныбында сабақ оқығанның бәрі шәкірті емес. Ұстаз деген құрметті атаққа ие болу үшін оқытушының өнегелі өмір жолы, біліктілігі мен қатар тәрбиелі, мәдениетті қалпы, айтқанын ұғындыра білетін, тыңдаушысын сүйісіндіріп, өзіне баурап алатын асыл қасиеті болуы шарт.

Әбекең осындай асыл қасиеттерімен ерекшеленген, жүзінен жылылық лебі есіп, жанарынан шуақ сезіліп тұратын, жақын болмауына, туыспауына қоймайтын ізгіліктің жиынтығы еді. Сыртқы және ішкі жансұлулығымен қатар, ұстамды, асығыстықпен ағат қылық танытпаған, сабырлылық пен салиқалылықты пір тұтқан жан.

Жарты ғасыр Әбекеңмен ұстаз бен шәкірт, аға мен іні болып сыйласып, жақсы мен жаман, өмір мен заман жайлы пікіралмасулар мен сырласуларды бастан кештік.

Екеуара әңгімеде пендешілікпен біреулердің көңілге жақпас қасиеттерін тілге тиек ететініміз бар ғой, Әбекең сол әңгімені әрі қарай өрбітпейтін. Жақтырмағанда, «сол кісіні онша суқаным сүймейді» дейтін де қоятын. Ол кісі топқа қосылып біреулермен бәсекелес, бақталас немесе қарсылас, жақтас болып көрген емес.

Қармақшының ең бір сұлу жігіті - Әбжан Айсауытов ағайымыз айрықша сұлу қыз - Хамида Асқарова апайымызға үйленіп, елу жыл отбасылық сәулелі ғұмыр кешіп, ұл-қыздарының барлығын жоғары білімді, тәрбиелі, өнегелі етіп, Қармақшыда, Алматыда, Қызылордада өзінің бауырмалдығымен, кеңпейілдігімен, қауымшылдығымен ағайын-туыстардың ортасында тамыры тереңге жайылған, тұғыры биік бәйтерекке айналды.

Сол биік бәйтерек – Әбекең өзінің әдеттегі қауымшылдығымен маған әрдайым «Сәпен, біздің үйдің жанынан орын ал, қоныстан», немесе көршідегі бір үй сатылатын болса, маған – «соны ал», - деп қолқа салатын да жүретін. Мұндай қолқасын Әбекең жалғыз маған ғана айтып қойған жоқ, өзімен сыйластығы жарасқан барлық інілеріне айтып жүргендігін білемін.

«Көкке лайық жұлдызың болса, елге лайық ұл-қызы бар» елміз. Жарқыраған жұлдызымыз – Әбекең ағамның мен айтқан, ел айтқан қадір-қасиеті, ерекше бітім-болмысының негізі – ол кісінің елге, жерге деген махаббатында, үлкен жүректілігінде.

Түгін тартса, түбінен майы бұрқыраған, бір шоғыр сүлейлерді әкелген Қармақшы топырағының біртуар азаматы – Әбекең Сыр сүлейлерінің мұраларын зерттеуші, жарыққа шығарушы. Өзі бас болып «Шораяқтың Омары» қоғамдық қорын құрып, Омекеңнің жазба түрінде сақталмаған шығармаларын ел арасынан үлкен ыждағаттылықпен жинастырып, «Сөйле, тілім, жосылып» атты кітап шығарып, жырсүйер қауымды сусындатты, артында өлмес мұра қалдырды. Әбекеңнің адам сүйсінтер бір қасиеті – әзілқұмарлығы, ол кісінің әзілі анайылықтан, кемсітушіліктен, қалжыңбастықтан ада, таза, шынайы, саф күлкі, көңілді сергітетін, жаныңды жадырататын шуақты болатын.

Әбекең марқұм болды, тәні өлді, жаны өлген жоқ, кеудесінен шығып ұшып кетті...

«Адам жаны оның бұл дүниедегі еткен тірлігіне, мейірімшіл, рахымшыл, ашыққолды, адал, таза немесе зорлықшыл, қиянатшыл, дүниеқұмар, жымысқы, арам, лас болғандығына, яғни, бітім-болмысына сәйкес, қарлығаш, көгершін, байғыз, сұңқар болып немесе кене, қоңыз, маса, сона, қарға болып, бізді қоршаған ортада жүреді», деген наным-сенім бар.

Менің санамда Әбекеңнің жаны аққөгершін, ақсұңқар болып оралып, ұрпақтарын аруағымен желеп-жебеп, қорғап-қоршап жүр ғой, деп түсінемін. Лайым, солай болғай.

**Сәпен АҢСАТОВ, «Құрмет» орденінің иегері.**

### «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАРЛЫҚ БІТІРУШІ КУРС СТУДЕНТТЕРІНІҢ НАЗАРЫНА!

Сіздерге 2014 жылдың 10 наурызынан бастап **мемлекеттік емтихандар, диплом жұмысын қорғау** басталатынын хабарлаймыз. Өздеріңізбен бірге төмендегі құжаттарды ала келулеріңіз қажет:

1. Жеке төлқұжаттың көшірмесі.
2. РНН, СИК, үй кітапшасының көшірмесі.
3. Жұмыс орнынан анықтама.

Әрбір студент аталмыш құжаттармен өз деканаты мен кафедрасына тіркелуі міндетті.

**Байланыс телефондары:**
8-(7242) 23-45-15, 8-(7242) 20-22-80,
8-(7242) 23-43-93, 8-(7242) 20-22-92.

### ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Исмаилова Светлана Тулепбергеновнаның атына Қызылорда қаласы, Арай шағын ауданы, Садовая көшесі №5 үйге берілген салынып біткен құрылысты қабылдау комиссиясының қабылдау актісі (02.12.2009 ж.) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Нурмагамбетова Гульмира Манатбековнаның атына Қызылорда қаласындағы №7 орта мектебін 2003 жылы бітіргені жөнінде берілген ОБ 0998964 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Абжаппарова Куралай Сериковнаның атына Жалағаш ауданы, М.Шәменов ауылындағы №34 орта мектебін 1992 жылы бітіргені жөнінде берілген А №199911 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

***

Дүздібаев Нұркеннің атына Арал ауданындағы №19 Жақсықылыш орта мектебін 1992 жылы бітіргені жөнінде берілген А №196854 аттестатының жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

### БОЛМЫСЫ БӨЛЕК, ТҰЛҒАСЫ ЕРЕК

Тұрар Жабайұлы Омаров 1938 жылы қазан айында Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Ақсу ауылында дүниеге келген. Жастайынан бейнет кешіп, еңбек майданына ерте араласты. Атамыздың келбеті келіскен, нұрлы жүзді, еңселі бойлы, озық ойлы, болмысы бөлек жан еді. Қандай қиындықта болмасын, ары мен намысын бәрінен биік қойды. Осынау өнегелі ғұмыр иесінің өмірлік ұстанымы артында қалған ұрпағына тағылым, тәрбие. Алланың ісіне не амал бар, әулеттің ұйытқысы, аяулы жанның жалған дүниемен қош айтысқанына қырық күн толды.

Адамның ғұмыры шектеулі ғой. Көз көрсе де көңіл сөнбейді, саялы бәйтеректей ағайын-туысқа арқасүйер азамат болған атамыздың төрдегі орнына жалтақ-жалтақ қарағыштай береміз.

Марқұм атамыз ыстық-суыққа қатар төзген өмірлік жолдасы, балаларының анасы Әсемкүл әжемізді дүниеден озғанша аялап, сыйлап өтті. Артында қалған ұрпағының тәрбиелі, саналы, өнегелі, сауатты азамат болып қалыптасуына төккен терінің зая кетпегеніне көзі тірісінде куә болып аттанды. Ағайынға ақылшы, қамқоршы, балалары мен немере-шөберелері үшін төккен маңдай тері, әрдайым биік тұратын рухы мен ақ жолдан таймаған асыл тұлғаңызға тағзым етеміз. Жаныңыз жанатта болып, пейіште нұрыңыз шалқығай.

Тұрар Жабайұлының қырқы 2014 жылдың 16-ақпанында сағат 11.00-де Жалағаш ауданы, Сәрке батыр ауылында берілетінін барлық ағайын-туысқа, құда-жекжатқа, тілеулес жандарға хабарлаймыз.

**Еске алушылар: балалары, немерелері.**

Қызылорда медицина колледжі ұжымы осы колледждің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тлеулиева Гүлнар Қожабайқызына әкесі **Қожабайдың** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.


Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:
руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы: Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған: Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. *"АҚ"-ақылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Газеттің таралымына "Қазпошта" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Таралымы 25063
Тапсырыс № 134